Міне, әлгі мұсылман келді делінген қала бастығының әлгідей жауыздықтарынан кейін Шыңғыс хан оларды қатты жазалайды. Иракты жаулағанда оның халифасымен келісім шарттары, атап айтқанда жазықсыз қан

төгіспеу келісімін Шыңғыстың өте ықтият орындағанын айтсақ, Отырар хақында қандай әңіме айтуға болады. Бұл жерде Шыңғыс хан және мұсылмандық мәселесі сөз болғанда түрлі болжамдар көп. Бірақ, нақтылы жазылып қалған дәйектер өте мардымсыз. Араб саяхатшысы Ибн-Асирдің кейбір жазғандарын тиянақ етсек те,

Шыңғыс хан өзі мұсылманбыз деген адамдарды қырғынға ұшыратуы, тіпті жүкті әйелдердің ішін жарғызып, баласын найзаға ілгені жөнінде, басқа да қаталдықтары жөнінде сол заманнан қалып келе жатқан болжам, қауесеттер көп. Сондықтан бұл заманда оны ақтау да, қаралау да қиын. Мүмкін бір замандарда мұрағат деректері, жазылған құпия жазбалар табылып қалмаса?! Сондықтан да біздің жазбаларымызда да сол шүбәлі деректерге жол беріп жатқанымыз бар екенін журнал оқушыларымыз естеріне, қаперлеріне алса дейміз.

Жошы хан (1187-1227 жж)

Сөз басында, Жошы хан турасында бүгінгі деректер жөнінде аздаған мәліметтер беруді жөн көрдік. Жошы хан – Шыңғыс ханның үлкен ұлы, моңғол қолбасшысы. Моңғол шапқыншылығынан кейін Қыпшақ даласында құрылған жаңа мемлекет – Жошы ұлысының негізін қалаушы, атақты Шыңғыс ханның қоңырат қызы Бөрте бәйбішесінен туған төрт ұлдың үлкені. Ол ересен күшті, ер жүрек, алған бетінен қайтпайтын қайсар адам болған. Ол алдымен, моңғолдардың басқыншылық әскери



1 сурет. Шора журналы №1 - 24, 1909ж.

жорықтарының бәріне қатысқан аса ірі әскери басшы ретінде танылады. Жошы жас кезінен көрнекті қолбасшы ретінде де көзге түскен. Ол әкесінің әскери жорықтарына белсене араласты. 1206 жылы Шыңғыс хан керей, найман, меркіт тағы да басқа тайпаларды бір орталыққа біріктіргеннен кейін, Жошы әкесінің тапсырмасы бойынша жасағымен 1207-1212 жылдар аралығында Оңтүстік Сібірді, Алтайды, Шығыс Түркістан жерлерін өзіне бағындырды. 1211-1215 жылдары Жошы хан Қытайды жаулау жорығына қатысады. Содан үш жыл өткен соң, Жошы Қыпшақ даласына басып кіріп, Ырғыз даласына жеткенде Хорезм шахтың 60 мың әскерімен шайқасқа түседі. Күш арасалмағының кемдігіне қарамастан, Жошы қолбасшылық дарынымен ерекше көзге түседі. Хорезм шах әскері ашық шайқаста жеңіліп, қала қорғандарына барып тығылады. 1218 жылы Жошы жасағы Шыңғыс ханға бағынғысы келмеген меркіттерді қуа отырып, Жетісудағы барлық қалаларды өзіне бағындырады. 1220-1222 жылдар аралығында Сырдария бойындағы Отырар, Сығанақ, Үзкент, Баршынкент, Жанкент тағы басқа қалаларды бағындырды. Осылайша ол Хорезм мемлекетін толығымен жаулап алды. 1223 жылы әкесінің ұйымдастыруымен Құланбасы жазығында өткен құрылтайға қатынасты. Осы құрылтайда Шыңғыс хан көзінің тірісінде жаулап алған ұланғайыр өлкені үлкен әйелі Бөртеден туған төрт ұлына бөліп береді. Жошының еншісіне Ертістен батысқа қарай, Жетісудың теріскей бөлігін қамти отырып, «моңғол атының тұяғы жеткен» төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса, бүкіл Дешті Қыпшақ аймағы тиеді. Ордасы Ертіс өзені бойында орналасты.

1909 жылғы Орынборда басылып шыққан «Шора» журналындағы «Мәшһүр адамдар және ұлық хандар» атты мақалада Жошы хан жөнінде біршама деректер берілген. Жошы хан тәржімасын сөйлеместен бұрын «Алтын орда» хукіматы қақында бір-екі ауыз сөйлеп кетсек ләзім дедік. Әйтсе де хукімат халы мағлұм болмас, сонда да хукіматтарының халы ләзім-дүр. Бұл дәрежеде мағлұм болмас. Еділ, Жайық және Дон жылғаларының бойы қадим заманнан бері түрік қауымының меншігі еді.





2 сурет. Шора журналының мақала басылған беті

Мұрағаттарда: Нұх пайғамбардың ұлы Яфаттың Еділмен Жайық жағалауы арасында тұрғаны туралы айтылады. Бұлардың сөзі құй дұрыс болсын, құй дұрыс болмасын осы өңірлерде скиф, сармат қауымдарының тұрғаны мағлұм. Бұлар бұлғар және хазар түркілеуінің бабалары еді. Соңында хазар аты өше-өше бүтіндей оның жеріне қыпшақ есімі пайда болды. «Дон» суымен «Арал» көлі арасында болған кең сахара «қыпшақ» делініп, онда көшіп жүруші халықтар жерлеріне нәсіп етіп «қыпшақ» түркі елі деп аталған еді. Бұлар сахаралық болғандықтан, «Дон» тарапында болған «бұлғар» түркілері деп аталды. Бұлғарлар мәдени бір қауым болды. Іште «Қарақорым» шаһарынан шығып келген Шыңғыс әскері Жошы хан әскеріне үшбу қыпшақ түркілері қаласын сыйлады. Шыңғыс балалары және қыпшақтар көшіп жүретін бір қауым болғандықтан, сол себептен мемлекет басшылары анық тағайындалатын болған. Солай бола тұра, Хазар теңізінен бастап бүтін қыпшақ және бұлғар халықтары және бұл күнгі Русия мемлекетінің қаласында отыр. Осы биік дәулет Шыңғыс хан тарапынан ұлы Жошы хан және оның әулетіне берілгені себепті Жошы ұлысы

деп аталады. Бату хан құзырындағылар Бату елі аталды. «Алтын Орда» есімдері шайх болды. Берке хан заманында келген арабтар «Әл-Берке» есімін берген, және Өзбекхан ғасырында «Өзбек елі» деп мәшһүр болған. «Қыпшақ» сөзі-«бос жер» мағынасында болғандықтан ирандықтар тарапынан «Дешт» сөзінің баламасы іспетінде болған «Дешт- қыпшақ» сөз тіркесі де қолданылған. Моғул төрелері және хандар «бұлғар» атауларына мән бермегендей болса да, олардың әскерінің оннан тоғызы осы халықтардан еді. Сондықтан олар тіл, ғұрып жағынан түріктеніп кетті. Моғулдықтарынан әскерлер қалмады. Үшбу себептен «скандинавиядан» келіп қалып қойған он, онбес рус, бүтін мемлекетті өз есімдерімен атауға муафик болғанмен, бір кезде Моғұлстаннан келген қаһармен моғулдар-өздерінің есімдерін ұмытуды қолдамас еді. Соның үшін мемлекет моғул аталуға тиіс еді. Елдер мен жері «Дешті-Қыпшақ» деп те аталғандықтан бұл атаулар

шаһар болмады. Араб мұрағаттары-«татар» және «татыр» сөздерін «моғул» сөзіне балама етіп қолданғандықтан- Шыңғыс хан және Халаку хукіматтарын «татар» және «татыр» атауларымен қоса ілгері уақытта «Дешт-қыпшақ» хукіматын «түрік хукіматы» деп атай бергені көрінеді. Орыстардың ескі мұраларында бұларды «Дешт-қыпшақ», «Қазан», «Қырым» хукіматтарын «мағул» және «татар» деп бөліп атаулары оларды бөліп, бір-біріне қарсы қою мақсатында жасалған арам-қулықтары. Сондықтан миллиондаған адам санына жеткен жерлі халықтардың бір бөлігі Батысқа, екінші бөлігі Шығыста қалып тоз-тоз болды. Бұл халықтардың шахзадалары мен кінәздарының көбісі өз биліктеріне алған орыс мемлекетінің қызметіне кіріп, кейбіреулер өз халқына сатқындық жасағаны да жасырын емес. Қазіргі Русия-қыпшақ және Бұлғар фамилияларының орыстанып кеткендері бұған дәлел.

Автор: Ж. Әлкәмал



3 сурет. Шора журналының мақала басылған беттері


Пайдаланылган әдебиеттер:

1. Шора журналы, 1909ж. №4 саны, «Вакът» баспасы, Орынбор.

Резюме. В статье представлен перевод статьи, содержащей данные, относящиеся к Чингисхану, опубликованный в Оренбурге с 1908 года в журнале «Шора», копия которой была привезена в ходе командировки в г. Уфа, Республика Башкортостан, в рамках проекта «Архив-2025».

Summary: *The article presents a copy of the article containing data related to Genghis Khan, published in Orenburg since 1908 in the «Shora» magazine a copy of which was brought during a business trip to Ufa, Republic of Bashkortostan, as part of the «Archive -2025» project.*





Контев

Аркадий Васильевич

Заведующий кафедрой историко-культурного наследия и туризма Алтайского государственного педагогического университета, кандидат исторических наук, доцент

ОТЗЫВ НА РУКОПИСЬ ИЗДАНИЯ «ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА В ЗАРУБЕЖНЫХ АРХИВАХ И БИБЛИОТЕКАХ (XVIII–XX ВВ.): ИНФОРМАЦИОННЫЙ СПРАВОЧНИК». ТОМ IX. АСТАНА, 2023.

Становление национальной истории любого государства невозможно без опоры на источники, прежде всего архивные. В работе историка всегда присутствуют две составляющие: реконструкция событий прошлого и их интерпретация. Если авторское объяснение зависит от мировоззрения, политических пристрастий и даже национальности исследователя, то реконструкция фактов всегда предполагает однозначность и верифицируемость. Без детального восстановления фактов и событий с опорой на источники невозможно развитие исторической науки.

После распада Советского Союза архивные документы, в соответствии с принципом неделимости фондов, оказались рассредоточены по архивам разных государств, прежде всего Российской Федерации. Руководство Республики Казахстан, после обретения государственности, практически сразу осознало значимость выявления и сбора архивных источников по истории своего государства. Уже в 1990-е годы начинают активно публиковаться сборники документов, посвященные отдельным сюжетам или периодам истории Казахстана

(о народно-освободительном движении, репрессиях и коллективизации, а также специальные исследования по этнографии).

С середины 2000-х годов издание документов стало в Казахстане частью государственных проектов («Культурное наследие», «В потоке истории»). Это кардинально изменило подход к организации поиска, отбора, копирования и издания документов. В 2005–2007 гг. был осуществлен грандиозный проект по изданию многотомной серии документов: История Казахстана в арабских источниках (3 тома), История Казахстана в персидских источниках (5 томов), История Казахстана в западных источниках XII–XX вв. (10 томов), История Казахстана в русских источниках (10 томов). Тогда же продолжалось издание отдельных тематических собраний документов.

В рамках этой же программы началась работа по выявлению архивных документов в зарубежных собраниях. Все выявленные материалы по истории Казахстана вносятся в базу данных Национального центра археологии и источниковедения, которая стала основой для составления информационного

справочника «История Казахстана в зарубежных архивах». Рецензируемое издание представляет собой уже девятый том справочника, задачей которого является оперативное знакомство исследователей с материалами, выявленными и скопированными в архивах и библиотеках других стран.

Том охватывает период с 1717 по 1980-е годы и представляет перечень документов из архивов России, Белоруси, Кыргызстана, Украины, Узбекистана и Таджикистана. Большинство материалов сейчас хранятся в федеральных и региональных архивах России: РГАДА, РГИА, Государственный архив РФ, РГВИА, РГАСПИ, РГВА, РГАЭ. Архивы субъектов Российской Федерации представлены государственным архивом Оренбургской области, Государственным архивом Республики Татарстан, Центральным Государственным архивом исторических-политических документов Санкт-Петербурга, Национальным архивом Республики Башкортостан, Государственным историческим архивом Омской области и др. То, что поиски не ограничены только столичными архивами значительно повышает значимость собранных материалов. Также отметим включение в справочник материалов ведомственных архивов, а также собраний библиотек (Института востоковедения РАН, Национальной библиотеки России, Омской Государственной библиотеки им. А.С. Пушкина, Оренбургской библиотеки им. Н.К. Крупской, Национальной библиотеки Республики Татарстан, а также университетских собраний). Необычны в представленной коллекции являются материалы музея Тараса Шевченко, поскольку известный украинский поэт был сослан в Оренбург за участие в Кирилло-Мефодиевском братстве.

Структура сборника построена по основным собраниям документов – архивам, библиотекам и музеям. Каждая описательная строка представляет собой указание архивных реквизитов хранения оригинала, заголовков документа или коллекции, а также точные данные о месте хранения скопированных материалов. Сами копии представляют собой отдельные документы или целые архивные

дела (отметим, что желательно в описании указывать объем не только отдельных листов, но и сообщить читателям общий объем скопированных дел). По каждому архиву даются исторические справки, а затем по фондам - перечень выявленных документов. Это позволяет читателю представить не только профиль, но и структуру архива, откуда скопированы документы.

По видам, описанные в справочнике, материалы очень разнообразны. Это, в первую очередь, делопроизводственные документы, отражающие переписку как центральных, так и местных властей. Большой интерес представляют нарративные описания путешественников и письма современников. Реже представлены в томе такие изобразительные материалы, как карты (из РГВИА и РГАДА) и фотодокументы (из ЦГА КФД РТ). Наиболее ранними материалами, включенными в справочник, являются документы о появлении первых крепостей на Иртыше, в том числе современных городов Восточного Казахстана Семей и Усть-Каменогорск, часть этих документов сейчас опубликовано. Документы, отражающие процесс российской колонизации на территории Казахстана во второй половине XVIII – первой половине XIX в., представлены материалами РГВИА, а также архивами Омска и Оренбурга. Экономическое развитие Туркестана и «Внутренней Киргизии» отражено в документах по переселенческой политике и других региональных материалах Государственного архива Астраханской области. Особым



Рис.1 – Информационный справочник». Том IX. Астана, 2023.

видом источников можно назвать материалы по личному составу, отражающие процесс подготовки национальных кадров (они заимствованы из фондов Петербургского и Казанского университетов).

Много документов в справочнике относится к 1917–1920-м гг. и связаны с процессом установления советской власти и административно-территориальным районированием. Советский период истории Казахстана в основном представлен планами развития и отчетами, а также документами по подготовке кадров для Казахстана, в том числе в период освоения Целины (г. Киев). Особый интерес представляют рассекреченные документы Департамента архивного обеспечения службы безопасности (Центральный государственный архив общественных объединений г. Киев), рассказывающие о репрессиях против казахов.

Отдельную подборку составляют копии документов, связанных с периодом Великой Отечественной войны. Эта коллекция заимствована из Государственного архива Волгоградской области, а также Пискаревского мемориального комплекса г. Санкт-Петербурга. Об участии казахов в партизанском движении на территории Украины и Белоруссии сообщают документы Центрального государственного архива общественных объединений (г. Киев) и Национального архива Республики Беларусь (г. Минск).

В Центральном государственном архиве Республики Узбекистан (г. Ташкент) были скопированы такие уникальные издания как «Туркестанский альбом», «Обзоры Сыр-Дарьинской области», статьи из «Туркестанской туземной газеты», «Туркестанских ведомостей», «Правды Востока».


Сложно выделить какие-то особо значимые документы, поскольку справочник охватывает более четверти тысячелетия. Каждый историк найдет здесь материалы по своему периоду или теме исследования.

Все, представленные в справочнике, материалы в настоящее время хранятся в архивах Казахстана: Национальном архиве Республики Казахстан, Государственном архиве

Восточно-Казахстанской области, Северо-Казахстанском государственном архиве, Туркестанском областном государственном архиве, Государственном архиве г. Астана, Государственных архивах Атырауской и Актюбинской областей (к сожалению, оба эти архива имеют одинаковую аббревиатуру – ГА АО) и Государственном архиве общественно-политической истории Туркестанской области. Помещенный в конце книги список сокращений значительно облегчает знакомство со справочником.

Выбранная составителями структура издания отражает процесс выявления новых документов и позволяет ориентироваться в томах справочника (по архивам и фондам). Пожалуй, такая форма представления результатов поиска наиболее оптимальна для оперативного информирования общественности о скопированных документах. Однако документы, представленные как в каждом отдельном томе, так и в целом в сериальном издании, настолько разнообразны по видам, тематике и хронологии, что, на мой взгляд, издание требует специальных тематического, географического и именного указателей. Представляется, что такой указатель следует сделать отдельным изданием на все тома. Несмотря на то, что эта работа потребует дополнительных усилий, она позволит связать разрозненные сведения и не просто облегчит работу с ними, но и представит многотомный справочник как единое собрание.

В целом, следует очень высоко оценить вклад составителей справочника не только в историческую науку Казахстана, но в мировую сокровищницу археографии. Только тот, кто знает, как много усилий приходится затратить на то, чтобы среди миллионов архивных страниц выявить необходимые документы, может оценить в полной мере данное издание. Не приходится сомневаться, что оно станет фундаментом для развития национальной исторической науки Казахстана на долгие годы и последующие поколения историков вспомнят добрым словом составителей этого многотомного издания.



Қайырғазина Айпара Азатқызы

Абайдың «Жидебай - Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының қор сақтаушысы

ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ІЗІ ҚАЛҒАН ТАРИХИ ЖЕРЛЕР

Түйіндеме: Бұл мақалада ұлы тұлға М.Әуезовтің шығармашылығы мен өміріне қатысты тарихи мекендер жайлы баяндалады. Ұлы руханиятты көпшілікке жеткізу.

Кілт сөздер: Мұхтар Әуезов, Абай, Шәкәрім, Шыңғыстау, тарихи, Бөрілі, «Еңлік-Кебек», елдімекендер.

Мұхтар Әуезов көркем шығармасына өзек болар оқиғаны зерттеушілік зердеге салып, суреткерлік сүзгіден өткізіп, оқиға өткен өңір мен кейіпкердің өскен ортасы мен тұрған жерін егжей-тегжейлі танып жазатындығын әр туындысынан байқауға болады. Кемеңгер жазушы М.Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атауын әмәндә сол жердің сыр-сипатына қарай байқап қоя білген жұрт. Қайда, қандай да бір мекенге барсаң да жер мен су, сонымен қатар жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атауының өзінде қаншалықты мән-мағына мен шешілмеген құпия сырға толы», – деп орынды нақты суреттеген еді. Мұның өзі белгілі бір өңірдің жер-су атаулары біздің өткен тарихымыздың куәсі болып табылады. Абай, Шәкәрім, Мұхтар туған өлке – Шыңғыстау.

Шыңғыстау өңірінде қазақ халқы үшін қасиетті мәнге ие мәдени мұра ескерткіштері көптеп кездеседі. Мәселен, Қазақстанның қасиетті жерлерінің мәдени-географиялық белдеуінде ерекше орын алатын жерлер өте көп. Бұл қасиетті саналатын нысандар белгілі тарихи тұлғаларға және әртүрлі кезеңдерде

орын алған этномәдени процестерге тікелей байланысты болып келеді. Солардың ішінде Мұхтар Әуезовке қатысты тарихи жерлер ел мен жер тарихына бей-жай қарай алмайтын жандардың қызығушылығын тудырады анық.

Шыңғыс асқан жерде Өскенбай, Құнанбай, Абай және Шәкәрім мен оның балаларының бар ғұмыр тарихы, Абай, Шәкәрім, Мұхтар шығармаларының өмір материалдары, өз ғұмырларының қилы қызықтары мен қысылтаяң сәттері әр жердің әр түс ойынан қозғалып, жанды елес құбылысына қамап алады. «Жер әңгімеші, жер әңгімеші болған соң, ел әңгімеші» – деп Мұхтар Әуезов айтқандай, бұл өңірдің жүзден астам жер атауының әрқайсысы – тұнып тұрған шежіре, тың тарих. Осы өлкеге жолы түсіп немесе арнайы аралап шыққан жан Мұхтар Әуезовтің мына бір сөз шындығын өңір кітабының бетінен өзі оқып, қанып, өз көзімен көріп көз қандырып қайтары сөзсіз: «Жер-анасы ел-баласы» деуге болады. Ел айтқан әңгімені ел мекені, ел бесігі жер айтады. «... Сұлу сағым толқынданады, ...Осы сағым ар жағында, көкшіл мұнар арасында, Шыңғыстың

қалың қатпар, қара көк биіктері көрінеді», деген М.Әуезов сөзімен жүз ашқан кереге тау көз тарта көлбей береді [3, 7 б.].

Бөрілі – ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің кір жуып, кіндік кескен жері. Осында мөлдір сулы Тұма көлінің жағасында киіз үйде 1897 жылы 28 қыркүйекте Мұхтар Әуезов туған. Ерекше қуанған Әуез немересінің дүниеге келгенін хабарлап, ең алдымен, Абай ауылынан сүйінші сұратады. Өмірі іргесі бөлінбеген екі ауыл бұл қуанышты бірігіп тойлайды. Қазір қалпына келтіріліп, мұражайға айналған үйде Мұхтардың балалық, жастық дәурені өткен. Осы үйге Райхан атты келін түсіріп, Мұғалима, Шоқан есімді бала сүйген. «Еңлік-Кебек», «Қорғансыздың күні», «Бәйбіше-тоқал», «Сыбанның моласында» сияқты тұңғыш шығармаларын да осы үйде жазыпты. «Абай жолы» эпопеясының көп оқиғасын зерек атасы Әуез, әжесі Дінасылдан естіген, бала кезден санасына сіңірген. «Мұңлы қоңыр туған анам, туған жерім Бөрілі» – деп жазады М.Әуезов өзі де ерекше тебіреніп. «Бөрілі» атауының шығуын өзі қазақ ұғымы бойынша «бөрісі мен қасқыры қалың, қарағаны көп өскен өңір, қойнау», – дегенді білдіреді. Бөрілі – елді мекеннің байырғы атауы. Осы мекеннің табиғаты, қыртыс-қатпары, өсімдік, жануарлар дүниесі жайында жазушы «Көксерек», «Қыр әңгімелері», «Абай жолы» еңбектерінде айшықтап, суреттеген.

Бөрілінің Өскенбай, Құнанбай, Абай әулеттерінің қонысы шығысында Аралтөбе қонысы. Ертеде бұл жерде Найман, Уақ, Тобықты



1 сурет. Бөрілі.

рулары қоныстанған. Мұхтардың бақытты балалық шағы мен жалынды жастығының куәсі болған тарихи оқиғалар куәсі. Мұхтар тұңғыш үйленіп, әке болады. Бөрілі тауының мол қатпарлығының іші толған бастау бұлақ. Абай әулетінің көп жандарының өмір, тағдырына да көп куә болған шежірелі мекеннің бірі. Бөрілінің бөктерінде Мұхтардың әкесі Омархан, шешесі Нұржамал, әжесі Дінасыл, ағасы Қасымбек, барша туыстары мәңгілікке дамылдаған. Бейіттері сақталған. Ал Әуез қарт тіршілікте көңілі ажырамаған Құнанбаймен өлген соң да бірге жатуды өсиет етіп, қажының жанына жерленіпті [2, 114 б.].

Аяққараған – Бөріліден 3 шақырымда. Мұхтардың кіндік қаны тамған жер. Ұлы жазушы өзінің туған жеріне 1957 жылы келеді. 1987 жылы Бөріліде М.Әуезовтің әдеби музейі ашылады. Ұлы жазушының 90 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылған музей 1988 жылдың Абайдың мемлекеттік қорық музейінің құрамына еніп, бүгінгі күні алыс-жақыннан ғұлама ғалым, сырлы суреткердің өмірі мен шығармашылығын тануға құштар жандарға қызмет етіп келеді.

Ақшоқы – елдің құтты мекені. Кең жазықта биік емес таулары ағарып көрінгендіктен халық «Ақшоқы» деп атап кеткен. Осы таудың Ералы жазығымен жалғасатын ортаңғы бөлігіндегі алыстан еңселене көрінетін екі шоқы – «Үлкен Ақшоқы», «Кіші Ақшоқы» деп аталады. Кейде мұны «Шеткі Ақшоқы», «Құнанбай Ақшоқысы» деп айшықтап айтады. Шеткі Ақшоқының басында Тобықты мен Найман руының билері ортақ үкім шығарып, бір-біріне ғашық екі жасты Еңлік пен Кебекті өлім жазасына бұйырып, осы Ақшоқыдан оларды асау аттың құйрығына байлап жіберіп, өлім жазасына кеседі. Еңлік пен Кебектің алты айлық ұлдары осы төбе басында ұзақты күнге жылап жатқан деседі [1, 84 б.]. Мұхтар Әуезовтің ең алғашқы «Еңлік-Кебек» пьесасының басты кейіпкерлерінің оқиға желісі осы жерде орын алған.

Ойқұдық елді-мекені – қазақ театр өнерінің алтын бесігі. Мұнда 1917 жылы 7 маусымда Мұхтар Омарханұлының «Еңлік-Кебек» пьесасы сахналанды. Ойқұдық – Абай өмірге келген Қасқабұлақтың Ащысуға барып құятын сағасы,

шөбі шүйгін жасыл өлке. Осы қоныста отырған ауылда Әйгерім шешеміздің рұқсатымен Абайдың киіз үйіне тағы бір үйді жалғап сахнаға айналдырып, жиырма жасар Мұхтар Әуезов өзінің пьесасын қояды. Пьесаның оқиғасы да осы маңайда өткен Еңлік пен Кебектің қайғылы тарихына құрылған. Бір-бірін сүйгені үшін жазықты болып, қатал заман талқысына түскен қос ғашықты Ойқұдықтан қолсозым жердегі Үлкен Ақшоқыдан ат құйрығына байлап, кеуделерінен жаны шыққанша сүйреп апарып, қазір ескерткіш орнатылған төбенің басына тастап кетіпті. Бесіктегі алты айлық баласы да сол жерде шырылдап жатып, үні өшкен көрінеді. Еңлік пен Кебектің қайғылы оқиғасын Абай аузынан естіп, бүкіл қазақ даласына кең таралған дастан жазған Шәкәрім жас Мұхтардың кеңесшісі болған екен [4, 343 б.]. Үш данышпанның ақылы мен өнері түйіскен Ойқұдық тарихы осындай. Ойқұдықтағы ойы өркен жайып қазақтың сахна өнеріне шықты, «Еңлік-Кебек» драматургиямыздың інжу-маржанына айналып кетті.

Күшікбай асуы – жолаушыларға мәлім бұлақ бастауы бар тарихқа бай жер. Әрбір келген жолаушы шөлін қандырып, ерекше дәмін сезіп риза болады. Бұл бұлақтың суы қыс кезінде қатпай мөлдіреп ағып жатады. Жолаушылар бұл судың емдік қасиеті бар екеніне сенеді. Семей қаласынан Абай еліне бет түзеп, 60 шақырымдай жол жүргенде арқалық тауынан қара жол асатын кезенді «Күшікбай кезені» деп атайды. Арқалық тауының биік төбе басында Күшікбай батыр жерленген.

Жерін жаудан азат етіп, осы төбенің басына жеткенде, найзасына сүйенген бойында өліп кеткен Күшікбай батыр кезеңімен байланысты. М.Әуезовтің 1922 жылы жазылған әйгілі «Қорғансыздың күні» әңгімесінің қайғылы оқиғасы өткен жер. Әңгіменің басты кейіпкері, сұм заманның құрбаны болған күнәсіз Ғазизаның бейіті де осы жерде. Осы асуда Абайдың досы, талантты шәкіртті Көкбай Жанатайұлы дүниеден өтеді [4, 204 б.].

Ақбайтал асуы – Шыңғыс тауының ең биік жотасы. Биіктігі 1100 м. Ақбайтал асуының батысынан басталатын: Бақанас, Тай, Байқошқар өзендері Балқашқа құяды



2 сурет. Шыңғыстау.

да шығысынан басталатын: Құндызды, Шет, Қарауыл, Шаған Ертісті бетке алады, мәселен Шаған өзені Ертіске келіп құяды. Ақбайтал асуы талай тарихи оқиғаларға куә. Жидебайдан жаз жайлауға көшкен Құнанбай мырза ауылдары, Ақшоқы мен Бөрілі, Аралтөбеден – Бақанас, Байқошқар өзендері бойына, Ботақан ошағына көш түзеген. Абай ауылдары жылына екі мәрте атақты асудан асып түсіп отырған. Ақбайталмен байланысты келетін Абай заманындағы оқиғалар М.Әуезовтің «Абай жолы» романында жарқын суреттеледі.

Ботақан ошағы – Шыңғыс сыртында солтүстіктен шығысқа ағып жатқан мол сулы кішірек өзен. Ботақан ошағы жайлауындағы Абайдың ауылына Мұхтардың атасы Әуез Бердіқожаұлы ауылыда қанаттас қонып отырған. Ботақан ошағы тау арасында тығылып тұрған қоныс емес. Бір жағы жазық қырат, екінші жағы биік жарқабақ. Ботақан ошағы мен Бақанас, Байқошқар өзендері өрнектеген өлкеге сонау алыстағы Ақшоқы мен Бөрілі, Аралтөбеден Абай ауылдары бір жұмада әрең көшіп жететін болған. Сай салалы атыраптарында өспейтін өсімдік түрлері шамалы. Осы өңірді зерттеуші мамандардың айтуына қарағанда, Шыңғыс сыртында тек адамды емдеу үшін дәрі-дәрмекке қажетті шипалы өсімдіктің қырыққа тарта түрі бар екен [1.136 б.].

Мұхтар Әуезовке оның арғы жағында Абайға қатысты тарихи жерлерді білу арқылы біз оның қаламынан шыққан туындыларды жақын танып, әңгіме оқиғасына жақындай түсеріміз белгілі. Жазушының өскен ортасы мен жастық

ҰЛЫ ЕСІМДЕР: ТАРИХ, ТҰЛҒА, ТАҒЫЛЫМ

жалыны тасқындаған елдімекендер сыры қиял әлеміндегі кейіпкерлерінің жан-дүниесін Абай жұмбағын түсініп, Мұхтар мұрасының ұғуға бір табан жақындата түседі. шынайылығын сезінуге, сол әлемге сапар шегіп,

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б. Сапаралы. Байшөгел. Тарихи-танымдық зерттеулер. – Алматы: Ер-Дәулет 1995. – 368 б.
2. Ғ. М. Мұтанов. Сұлтан Оразалы./ «Өнегелі Өмір» сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 402б.
3. Төкен Ибрагимов. Жер әңгімеші. Деректі сарынды эсселі новеллалар, – Семей 2009. – 111 б.
4. Б.Исабаев. Ұлылар мекені, 2001-623 б.
5. М.Жанболатұлы. Тобықты-Шыңғыстау шежіресі. II том / – Семей: Курсив, 2004. – 423 б.
6. Абай. Энциклопедия (Бас ред. Р.Н. Нұрғалиев; ред. алқасы: З.Ахметов, Л.Әуезова, Б.Г. Ерзакович т.б.). – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра», 1995. – 720 б.

Резюме: В этой статье рассказывается об исторических памятниках, касающихся творчества и жизни великого человека М. Ауэзова. Донести великую духовность до публики.

Summary: this article tells about historical places related to the work and life of the great man M. Auezov. Bringing great spirituality to the masses. Keywords: Mukhtar Auezov, Abay, Shakarim, Chingistau, historical, Borili, “Enlik-Kebek”, localities.





Нүрсүлу Санақбекқызы

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының экспозиция және көрме ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі

АБАЙДЫҢ ҰРПАҒЫ ТҰРАҒҰЛ

Түйіндеме: Мақалада ұлы ақынның ұрпағы, ақын, аудармашы, Алаш партиясының мүшесі Тұрағұл Ибрагимовтың басынан өткен ауыр тағдыры жайлы баяндалады.

Кілт сөздер: Тұрағұл, Абай, Семей, Алаш, Ақшоқы, Шыңғыс, түрме, кандидат

Әкесі Абайдың жолын қуған, көзі тірісінде шығармашылықпен үздіксіз айналысқан, онан қалған рухани мұраны қастерлеп, алға апарысқан, ел ағасының орнын басқан тұлға – Тұрағұл Ибрагимов. Ол қазақ зиялылары ұлттық азаттықты аңсап, егеменді ел боламыз деп құрған «Алаш» партиясының мүшесі, кейінгі өмірі қуғын-сүргінмен өткен ауыр тағдыр иесі.

Абайтануда Тұрағұлдың туған жылы туралы екі түрлі даталар көрсетіледі. Қайым Мұхамедханов «Абайдың ақын шәкірттері» деген еңбегінде Тұрағұлдың туған жылын 1875 жыл десе, Бейсенбай Байғалиев «Абай» энциклопедиясында – 1876 жыл деп көрсетеді.

Тұрағұл «Әкем Абай туралы» деген естелігінде «Мен әкемнің отыз екі жасында, жастықтың алғашқы арыны басылып, жігіт ағасы болып қалған кезінде тудым», - дейді. Олай болса 1877 жылы туған болады. Ал естелігінің екінші бір жерінде: «1899 жылы менің он төрт жасымда...» деп жазады. Тұрағұлдың қызы Мәкен: «Әкем 59 жасында қайтыс болды», - дейді естелігінде. Сонда Тұрағұлдың туған жылы 1875 жыл болады.

Тұрағұл 1875 жылы Абайдың сүйікті жары

Әйгерімнен туған баласы. Абайдың немере інісі Әрхам Ысқақовтың айтуынша «Тұрағұл жас күндерінде ескіше ауыл молдасынан оқып, арабша хат таныған, Мағауияның қасында болып, одан тәрбие алып, орысша тіл үйреніп, орыс кітаптарын оқып, ұғарлық білім алған». Кейіннен өздігінен ізденіп орысша, арабша оқып, білімін жетілдірген. Тұрағұл бала жасынан зерек, ұғымтал, зерделі болған.

«Әке балаға сыншы» дейді халық даналығы. Оның үстіне Абайдай сыншы, данышпан әке Тұрағұлдай талантты, қабілетті, ақылды баласының мінезін тамыршыдай танып, оның адамгершілік қасиетіне әкелік көңілмен сүйініп, мақтан еткен. Тұрағұл естелігінде былай дейді: «1889 жылы менің он төрт жасымда үлкен шешемнен (Ділдәдан) Райхан деген апамды Найман Серікбай баласы Құдайбергенге беріп ұзатып, үйдің іші бәрі жолаушылап кеткенде, әкем екеуміз үйде қалдық. Мен сол жарты айдың шамасындай уақытта жазған өлендерін жаттап, айтқан сөзін жалықпай тыңдап отырсам керек. Менің соныма қуанып, риза болып, жолаушылар келгенде соларға мені: «Мынау адам болады екен, менің сөзімді ұғып, жалықпай тыңдады –

деп мақтанатын».

Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, талапты жас шәкірттерінің сезім тәрбиесін толтырмақ болып, 1889 жылы музыка үйретпекші болған, сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны ауылына алдырған. Абайдың осындай тәрбиесінің арқасында бала жасынан өнерге бейім Тұрағұл домбыра, скрипка сияқты музыка аспаптарын еркін менгерген, өз шешесі Әйгерімге тартқан әнші де болған.

Жас Тұрағұлдың бойында ақындық қуатын барын сезген әкесі: «Тураш, үш ауыз өлең жазып әкелші», - деп баласының ақындық өнерін байқап көрмек болса керек. Сондағы Тұрағұлдың жазған өлеңі:

Алладан мен қапа боп тілеген күн,
Жым-жырт болып салбырап кетеді түн.
Жұлдыздар жыпылықтап, ай сұп-сұр боп,
Бәрі де тыңдап қапты шығармай үн.

Мұнымды айтып едім сөзбен сындап,
Дүние жым-жырт болып тұрды тыңдап.
Жел күрсініп сөйлесе сусыл қағып,
Шөптер басын изейді шын-шын тыңдап.

Қалғандар желден сұрар сөзімді ұқпай,
Бұлт қасын түйеді жылай-сықтай.
Тік қарауға мені аяп шыдай алмай
Күн бұлтқа тығылды қайта шықпай.

Бұл әкесі Абай бастаған жаңа жазба әдебиеті үлгісінде жазылған жас ақынның қаламынан туған терең мағыналы өлеңі. Ақын табиғатты жанды бейне түрінде алып, оның түрлі көріністерімен мұндасып, сырласады.

Тұрағұлдың жастық, махаббат тақырыбына жазған өлеңдерінен сақталып бізге жеткені екі үш-ақ өлең. Ағасы Әбдірахман Алматыда науқастанып жатқанда, 1895 жылы жазған екі өлеңі бар. Бірінші өлеңі:

Рахаты көңілімнің, Әбіш ағайтай,
Аллаға мәлім шығар біздің де жай.
Күнде алладан тілеймін жанын сұрап,
Бізді душар қылдың деп күнге осындай, -
деп басталатын хат түрінде жазылған тілек өлеңі.

Екіншісі, Әбіштен келген хаттарды оқыған кездегі көңіл-күйін, жан тебіренісін суреттейтін өлең. Әбіштің хатын оқыған сәттегі әкесі Абайдың бейнесін Тұрағұл өлеңі көз алдына әкелгендей болады.

Бастапқы хатты көріп қалдық шошып,
Соңғы хаттан жақсылық тұрдық тосып,
Жүректің шошынғанын, лүп еткенін,
Қайта оңалған қызыққа кеттік қосып.

Өнге үн жоқ, тыңдап қаппын хаттың сөзін,
Хат оқыған ағамда екі көзім.
Хат біткен соң, ағамды абайласам,
Көз жасаурап, сұрланған көрдім жүзін.

Тұрағұл ойға да, ғылымға да жүйрік, ақылға бай азамат еді. Халқының алдында берері көп дара тұлға болып өсті. Жастайынан Абай соңында қалған мұраға, қасиетті сөзге ерте ие боп, сол сөздің құны түсіп кетпеуін, қасиетінен айрылмауын көп қадағалады. Қадір тұта білді. «Әкеңді білем» деген кісінің алдында өзін әмәнда кішік сезінді, кең төрінен орын ұсынды. «Әкең былай деп еді» деген сөзді дәптеріне теріп түсіре жүрді.

Жиырма тоғыз жасқа аяқ басқан шағында, Тұрағұл ауыр қайғыға душар болады. 1904 жылы мамыр айында аяулы ағасы Мағауия отыз төрт жасында қайтыс болады. Мағауияның қырқынан кейін 23 маусымда Абай дүниеден өтеді. Әкесінің қырқын беру үшін ағасы Ақылбаймен бірге Тұрағұл Семейге барады. Абайдың қырқын берген күні Ақылбай 43 жасында кенеттен қайтыс болады.

Абай қайтыс болған соң немере інісі Кәкітаймен бірге әкесінің мұрасын жедел жинап, баспаға әзірлеуге кіріседі. Әлиханның ақылымен 1905 жылы Тұрағұл мен Кәкітай жинастырған Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағын араға төрт жыл салып барып 1909 жылы Петербордағы И.Бораганский баспасынан бастырып шығарады.

Тұрағұл ел басқару жұмысына да атсалысқан. 1904 жылы Тұрағұл Кішік-Тобықты еліне болыс болып сайланып, 1905 жылы өз арызы бойынша болыстықтан босатылған. 1916 жылы болыс сайлауында Шыңғыс елінің болысы Біләл Құнанбаевқа кандидат болып сайланған.

Тұрағұлдың өскен ортасы бас араздық, күншілдік, бақталастық мінезден арылып болмаған заман еді. Заман туғызған қылық Тұрағұлды да сау қалдырмады. «Абай, Мағауия, Ақылбайдың қазасынан кейін Ақшоқыда отырған Ділдәні Тұрағұл: «Менің шешемнен артық емессіз», - деп Аралтөбеге көшіреді. Әйгерім Ділдәні қозы көштен қарсы алып: «Сізді арқалап апарайын, қалған өмірімде Сізді күтіп өтемін» деген екен. Баласының бұл қылығына налыған Әйгерім Тұрағұлға: «Шыңғыстаудан саған ұлтарақтай да жер бұйырмас», - деген сөзін бізге естелік әңгімелерінде Кәкітайдың немересі Мінәш Әрхамқызы айтушы еді.

Қазан төңкерісінен кейін 1917 жылы желтоқсанда Алаш партиясы құрылғанда, Тұрағұл Алаш партиясының Семей облыстық комитетінің басқарма мүшесі болған.

Ұлт тағдыры таразыға түскен осындай қысылтаяң уақытта Тұрағұл Абайұлы Алаш қайраткерлерін білек сыбана қолдап шығады. Елдің игі жақсыларын майданға солдат беруге үндеп, үгіт-насихат жүргізеді. 1916 жылдың маусым айының соңында Семей уезіне қарасты Шыңғыс, Шаған, Мұқыр, Қызыладыр, Беген, Семейтау, Бұғылы тәрізді 7 болыс елдің ақсақалдары Семей қаласында бас қосып жиын өткізеді. Онда сол уақтағы қазақтан соғыс майданына кісі жіберу жайы әңгіме болады. Міне, осы мәжіліске Тұрағұл Ибрагимов төрағалық етіп, хатшылық міндетін Сыдық Дүйсенбин орындайды. Мәжілістегілер тегіс патша жарлығына елдің қарсылығы жоқтығын жария етеді. Ол кезде Шыңғыс болысын Әлихан Бөкейханның досы Кәкітайдың баласы Біләл басқарса, ал оның кандидаты және халық соты болып Тұрағұл Ибрагимов қызмет атқарған еді.

Семей мұрағатында Алаштың атты әскери полкін құруға қатысқан ұйымдастырушылардың тізімі бар. Оның ішінде біз Тұрағұлдың да есімін кездестіреміз.

№168

Список организаторов Алашского конного партизанского полка, участников организации против советской власти 1918 года правительства восточной Алаш-орды Апрель 1918 г.

1. Дюсембаев Садық – Дюсембин Сыздық
2. Букейханов Галихан
3. Габбасов Халил
4. Акаев Серикпай
5. Укубаев Каражан
6. Тастамбеков
7. Ибрагимов Турагул (он же Абаев)
8. Ауэзов Мухтар
9. Сарсенов Бий-ахмет
10. Козбагаров Ахметжан
11. Анубаев К.
12. Ержигитов Бейсембай
13. Мулдабаев Анияр
14. Ермеков Альмухамет
15. Райымбеков
16. Алимбеков Имам
17. Аспанов
18. Баштаев
19. Байтенов
20. Самуратбеков, подполковник
21. Турганбаев Манан
22. Оразалин Ердис
23. Мустамбаев
24. Сарсенов Д
25. Кунанбаев Ибрагим
26. Акпаев Джакуп
27. Сабатаев Сатылган
28. Кульжанова Назифа
29. Молдабаев Мустахим
30. Бачтаев Мукуш
31. Кияков Джунус
32. Дюсебаев Карим
33. Исенгулов Курман
34. Молдабаев Саффаргали
35. Керейбаев Чинжи
36. Марсеков Р.
37. Аблейханов Арынгазы
38. Баиров Джакай

ЦДНИ ВКО Ф. 1. Оп.1. Д. 21. Л. 7

1919-1920 жылдары кеңес үкіметі алаштықтарға кешірім жариялаған соң, Міржақып Дулатов іспетті мемлекет қайраткерлері Тұрағұл Абайұлының ауылынан баспана тапты.

«1920 жылы Торғай қаласынан қашып,

көшіп жөнелген Міржақып Дулатов бастаған Алаш азаматтарын паналатып, арнайы үш үй бөліп тіккізіп, сойысын, сауынын беріп бір қыс паналатып асырағанын ағам көп айтатын», - дейтін Мәкен Тұрағұлқызы. Бұл оқиға туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивінде, №78754 істің 4-ші томында М.Дулатовтың қолымен жазылған ұзақ мәлімдемесі бар, онда былай делінген: «Алашордашылар бөлігі (Есболов, Сейдалин, Бірімжанов, Тоқтабаев, Қадырбаев, Шонанов және мен) Торғай мен Атбасар уезінде біраз күн кешкен соң, қаңтар айында Семей уезіне ойыстық, қысты сонда өткіздік».

Торғайдан қашып барып Шыңғыстаудағы Тұрағұлды паналаған Міржақып Дулатов: «1920-шы жылдың қысы қандай аязды, қиын болса – Алаш азаматтарын паналатып, қамқор бола білген Тұрағұлдың жақсылығын біздерге өле-өлгенше ұмыту қиын» дейтін.

1922 жылы Семейде Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатов тұтқынға алынады. Сол саяси науқанда Тұрағұл да түрмеге жабылып, төрт айдай қамауда болады. Ақшоқыда жатып, жазумен шұғылданады. Аударма жұмысымен айналысады. Бірақ жала тағушылар Құнанбайдың ұрпағына елсіздікте де тыныштық бермейді. Ең аяғы аудармасының өзіне секем қарайды.

Семей қаласындағы мұрағатта Алаш Ордаға қатысты, оның ішінде Тұрағұл Абайұлы туралы біршама құнды деректер бар. Тұрағұлдың үстінен жазылған арыз-шағымдардың ішінде «Кеңес өкіметіне жағымсып, ел арасындағы беделін көтеру үшін орыс тілінен кітаптар аударып, өкіметті өзіне қаратпақ болды», - деген сияқты азғындық күйде түскен жалаларды да кездестіруге болады.

Тұрағұл орысша да, қазақша да бірдей сауатты болған. Ол М.Горькийдің «Челкаш» әңгімесін тұңғыш рет қазақ тіліне аударып 1925 жылы «Таң» журналының №3,4 сандарында бастырған. Тұрағұл «Челкашты» сөзбе-сөз аударған және тілі ауыр орыс жазушысының ойын дәлме-дәл жеткізе білген.

Сөзбе-сөз аудармаға біржола көңілі ауған Тұрағұл А.Неверовтың «Я хочу жить» әңгімесін «Мен өмірге жерікпін» деп аударды. Тұрағұл

бұл шығарманың ішкі рухы мен сыртқы бітім болмысын бірдей меңгеріп аударған да Неверовтың идеясын дәлме-дәл жеткізе білген. Аудармашы қолына алған әңгіме-повесті тәржімалау барысында бір ғана мақсат ұстанады, ол мақсаты – қазақ оқушысының ойынан, таным білігінен алшақ кетпеу, керісінше жалпыға бірдей ұғынықты көркем, кестелі тілмен сөйлетіп шығу. Оқушы көкейіне қона білген шығарма ғана кәдеге асады деген Абай ұстанған мақсатты пір тұтып, соны темірқазық жұлдызындай, меже етіп, алға ұстап аударғаны анық байқалады.

Тұрағұл тынысы А.Неверовтың келесі туындысы «Мария – большевичканы» аударғанда ашылады (Москва, 1927). Алдыңғы аудармаларда сөзбе-сөз кібіртіктеп отырған аудармашы «Ортақшыл Мария» шығармасында қазақы жатық тілге салып, еркін көсіледі. Төңкеріспен бірге келген шолақ белсенді қатынының бейнесін сайқымазақ еткен А.Неверовтың астарлы идеясын тап басқан Тұрағұл туындының ішкі рухына да бойлай алған.

Тұрағұл «Балалы әйел не білу керек» (Москва, 1927) деген ғылыми-медициналық кітапшаны аударып, бастырып оқырмандарға ұсынған.

Тұрағұлдың келесі аудармалары «Антеқ» (Б.Прустан), Джек Лондонның «Баланың ерлігі» («Сказка об эскимосе Кише») 1927 жылы «Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасынан» төрт мың данамен жарық көрген. Бұл аудармаларында да Тұрағұл жолма-жол аударудан бойын аулақ ұстаған.

Джек Лондонның әйгілі «Сказка об эскимосе Кише» жастайынан ауыр тағдырға мойынсұнған, ортасы қандай суық болса – тіршілігі де сондай үскірікаяз, әйтсе де жүрегінің, жанының жылуын сақтай білген балдай тәтті балалық шақ туралы романтикалық әңгіме. Орыс тіліндегі нақышы реалистік суреттемеге келеді. Тұрағұл аударған шығарма төрт бөлімнен тұрады: «Киштің долданғаны», «Киштың сыры», «Киштың аңшылығы», «Киштың абұйыры». Аудармаға Тұрағұл беташар сөз жазады. Онда ол: «Бұл кітапшаны оқушы алаштың баласы, жалпы қазақ баласына Эскимос деген елдің жайы мәлім емес шығар, қысқаша сезім бергенім артық

болмас, деп мына төмендегі сөзді жаздым... Эскимос бұрынғы заманда аңшылықпен барып қалған сары тұқымнан таралған ел; бүгін сол Темірқазықтың астында – әмісе қыс болып, қар басып жатқан жерде. Үйі қардан болады, терезесі мұздан, дәулеті аңдардың еті, қайғысы қарны болып жүрген ел».

Тұрағұл бұл шығарманы бояуы бай тілмен, теңеу, метафораға жүгінген жіліктің майындай дәмді суреттемемен нақышына келтіріп аударған. Әкесі Абайдың аудармашылық үлгісі анық сезіледі. Сөйлем, абзацтың жалпы нобай нұсқасын сақтағанымен өзінше еркін, түп нұсқаға бас имей аударған. Қазақ тұрмысына, салт-тіршілігіне барынша жақын, эскимос баланың басынан кешкен оқиғалары бейне қазақ баласының басына көшіп келіп, соның тынысына, ұғымына, ойына үйлесімді, қазақ баласының оқиғасы сияқты елестейді.

Тұрағұл–Шәкәрім бастаған проза үлгісіндегі аударма жанрын ары қарай дамытқан. Абай шәкірттерінің ішіндегі нағыз аудармашылық биікке көтерілген адам.

Оның бұл жылдары жазған ең басты еңбегі «Әкем Абай туралы» естелігі. Абайтану мәселесінде Тұрағұлдың бұл еңбегінің тарихи маңызы зор. Тұрағұл бала жасынан әкесінің өз қолында тәрбиеленіп өскен. Сондықтан Абайдың бойындағы бар қасиетін, өзіне ғана тән мінезін, әдет-салтын, әр кездегі көңіл-күйін, сезім-сырын айнытпай танып, дұрыс ұға білген, ақын шығармаларының шығу тарихын, себебін, сөз қолдану тәсіліне дейін жақсы білген және әкесі туралы көрген-білгенін асырмай да жасырмай шындықтың шегінен шықпай жазған. Сондықтан бұл еңбегі ешқашан маңызын жоймайтын тарихтық еңбек. Тұрағұлдың Абай туралы естеліктерінің қысқаша нұсқасы 1933, 1940 жылдары Абай шығармалар жинағында жарияланған. Сондай-ақ, 1927 жылы Қазақ АССР білім комиссариатына тапсырған толық қолжазба жинақтың ғылыми құндылығы аса жоғары дерек көздері болып табылады. Тұрағұлдың соңғы аталған еңбегі бүгінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік Орталық музейінде сақтаулы.

1927 жылы Тұрағұлды қайтадан тұтқынға алып, 1928 жылдың көктеміне дейін түрмеде

жатады. Түрмеден шыққан соң меншік малы кәмпескеге жетпесе де, саяси сенімсіз адам, бай, феодалдың баласы есебінде қырғыз жаққа жаяу жер аударылады.

№77

**Сообщение уполномоченного КЦИК
Сыргабекова и председателя окружной
комиссии Аганиязова ПП ОГПУ
о включении в список конфискуемых
и выселяемых Турагула Ибрагимова и
Мусатая Малдыбаева**

Не ранее октября 1928 года

Вашу НР 1025/16746 сообщаем Малдыбаев Мусатай был несменяемым волуправителем руководитель родовой группировки выслан на 3 года Рубцовский округ как социально опасный элемент пользуется большим влиянием до сих пор имеет по предварительным данным не менее 60 голов в переводе на крупный тчк Турагул Ибрагимов влиятельный родоначальник аткаминер пользуется громадным авторитетом из сильного знатного рода имеет по предварительным данным свыше 20 голов скота в переводе на крупный рогатый тчк Оба они выставлены широким бедняцко-батрацкими массами. НР 631

Сыргабеков

Верно: Ст. упол. ВО (подпись) Волохов

ЦГАРК. Ф.135. Оп.1. д.4. Л. 89

Заверенная копия

Қырғыздың Токмақ деген жеріне барған Тұрағұл түнгі күзетші болады. Бай баласы екенін біліп қойып, бұл жұмыстан де қуылады. Ақыры ол Шымкентке қоныс аударады.

Мәкен Тұрағұлқызының айтуынша Тұрағұл айдауда жүргенде Джек Лондонның «Мартин Иден» деген романын аударған екен. Өкініштісі, ол шығарма бізге жетпеген. Тіпті күнкөрістің қамымен Тұрағұл өз аудармаларын басқаның атымен де жариялап тұрған. «Мұхтар Әуезов әкем туралы әңгімелеген кезде, Тұрағұл орыс тілінен көптеген көркем шығармалар аударып, басқа кісілердің атымен шығып тұрды. Қаламақысын өзіне жіберіп тұрдық. Амандық болса бәрін де кейін айтып беремін дейтін. Бірақ тағдыр оны бізге жазбады. Мұқаң кенеттен

қайтыс болып кетіп, ол сырдың шындығы ашылмай қалды», - дейтін Мәкен Тұрағұлқызы.

Тұрағұлдың үлкен баласы Ақыштың (Ақылия) естелігінде: «Мұқаң мен Тураш ағамның ақырғы кездесуі 1933 жылы болатын. Сол жолы Мұқаңның үйіне түскен. Алматыға келген соң Исаевқа (Ораз Исаев, Совнарком бастығы) арыз жазып: балаларым жоқ, өзіме жұмыс бермейді, рұқсат жоқ дейді. Аудармаларым басылмайды. Қалай күн көрем, не істеуім керек десе, Исаев: «әзір ештеңе дей алмаймын. Кейін көрерміз деп қайтарған» делінеді.

Өмірден өгей күй кешкен, тар заманнан тарыққан Тұрағұл 1934 жылы Шымкентте қайтыс болады.

Тұрағұлдың зираты жайында Мәкен Тұрағұлқызы: «Тураш ағам 1934 жылы 6 наурыз күні, 59 жасында қайтыс болды. Шымкент қаласының орталығындағы мұсылман зиратына жерленді. Кейін сол зираттың үстінен химзавод салыныпты. Завод салынар алдында Тураш ағамның сүйегін алатын жанашыр жақыны болмай, завод астында қалды. Ол кезде біз Шымкенттен ауысып басқа жаққа кеткен болатынбыз»- дейтін.

Қазақ даласындағы ақыл-ойдың шамшырағы атанған Абайдың артында қалған ұрпақтары да осал емес. Олар әке ісін одан әрі жалғастырды, соның жолын ұстады. Ұлы ақынның ұрпақтарын таныту біздің ғұмырлық парызымыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұхамедханов Қ. Абайдың ақын шәкірттері: бірінші кітап. – Алматы: «Дәуір», 1993.
2. Ибрагимов Т. Әкем Абай туралы. – Алматы: «Ана тілі», 1993.
3. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы: Атамұра, 1995.
4. Алдажаров Н. Әйгерім балалары // Абай. 2016. №2.
5. Қадырова Л. Тұрағұлдың тәркілеуге түскенін айғақтайтын құжаттар табылып отыр. // «Дидар». – 2010.
6. Абай энциклопедиясы. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 1995
7. Кенемолдин М. Тұрағұл және Алаш орда үкіметі // «Семей таңы» - 2008.

Резюме. В статье рассказывается о тяжелой судьбе великого поэта, переводчика, члена Алашской партии Турагула Ибрагимова.

Summary. The article tells about the hard fate of the great poet, translator, member of the Alash party Turagul Ibragimov.





**Баймаханбетова
Мөлдір Төлепбайқызы**

Қазақстан Республикасы
Ұлттық академиялық кітапханасының қызметкері

**ЖАН МЕН ТӘН НЕМЕСЕ
«АДАМ ӨЗІН ТАНЫСА, ҚҰДАЙЫН ТАНИДЫ»**

Түйіндеме: Бұл мақалада қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармаларында керемет мысалдармен, теңеулермен берілген барша жан мен тәннің байланысы туралы айтылады. Ақынның өзі туралы, шығармалары жөніндегі мәліметтерді алғаш жариялаған ғалым, тарихшылар аталып өткен.

Кілт сөздер: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, жан мен тән, мақалалар.

Жаннан аяулы, онан қадірлі не бар?

Дәнемеге қосылмай, жалғыз өзі тұрғанда, ол неменеге жарады?

Бұл екеуі ақыл мен жан және қанмен қосылып еді сонан біз адам болып отырмыз!

Дене – бір мейманхана, жан – онда аз күн қонақ. Шама келгенше әркім өз жанын ренжітпей күтіп, жақсы ұстау керек. Адам жанын жалғанда сыйласа, ол жанды ешкім қинамайды. Пенде жанын қинаса, ол жанды ешкім сыйламайды. Әркім өз жанын тірілтуді керек қылса, ғылым-білімге өмірін сарп етсін. Сонда жаны тіріліп, сыйлы болады.

Бұл – ғалам жермен, көкпен ғалам болып тұрған жоқ, адаммен ғалам болып тұр.

Ғылым біл. Ғылым-білім немен болады? Әуелі Құдай тағаланы танумен болады. Ол Құдайды қайтсе таниды? Әркім өзін таныса, сонда Құдайын таниды. Қазақ жақтырмаған кісісін: «Бұл шіркін өзін танымайды!» дейді. Ғылым-білімге талап қылғыштар алдымен өзін

тануын мақсат қылу керек.

Жаннан аяулы, онан қадірлі не нәрсе бар? Дәнемеге қосылмай, жалғыз өзі тұрғанда ол неменеге жарайды? Бұл екеуі ақыл мен жан бір жерге бас қосқан соң қанмен қосылып, үшеуі бір адам болады.

Адамның бар болып тұрғаны – осы 3-нің бір жерге бірігуіменен. Олардың басын бір араға қосып, біріктіріп тұрған: от, су, топырақ, жел – төртеуі дене болады.

Адамның денесінде осы төрт нәрсе түгел бармақтың көлеміндей көздің ішінен табылады. Көздің ашылып, жабылып тұрғаны – жел, жас аққаны – су, бір нәрсе тисе, жарқ еткені – от, бір арадан қозғалмай тұрғаны – топырақ.

Желден қорытылып қан болды. Оттан қорытылып зерде болды. Судан қорытылып, қақырық болды. Топырақтан қорытылып, қарақұрым (қорым) болды.

Қан – өкпе, бауыр, жүректе жүреді.

Қақырық – өкпеде.

Зерде – өтте,

Қаракұрым – талақта. Құдайдың құдіретінің шеберлігін білемін десеңіз өз бойыңызға қараңыз.

Дене – қараңғы үй, жан – үйді жарық қылып тұрған нұр.

Адамның денесі – машина. Бұдың күшімен жүріп, тұрады. Денеді не нәрсенің үлгісі, әркім өз денесінен алып білуге болады.

Күллі денеге күш беріп тұратұғын – жүрек. Адамның 12 мүшесі мұнан күш алмай, өз бетімен күш ала алмайды.

Жүректің қызметкерлері – өкпе, бүйрек – қанды тазартып тұратын машинаның ең күштісі.

Өкпе мен бауыр – жүректің екі қызметкері. Қанды тазартып, іске жаратып тұрған.

Бұлай болғанда, әркім өз денесінің іші-тысын білуге тырмысу керек.

Құдірет қолымен жасалған шаһарларды адам әлдеқандай тамаша көреді, шын мәнісінде Құдай жасаған Адам деген шаһар ең мықты шаһар және машина.

Бір-біріне дұшпан, үйірлігі жоқ төрт нәрсенің басын біріктіріп, сонан жасады. Тоғыз жолдың торабы, сегіз қиыр шартарап, төрт бұрышы түгел 10 түрлі қазына орнатып, 440 жерден бекіту салып, 365 өзен ағызып, 12 жерден даруаза жасап қойды.

Құдірет қолымен жасалған шаһар: адам болып жүреді, құс болып ұшады. Он сегіз мың ғаламда болған нәрсе – бәрі бір өзінен табылады. Өзін жасағанда, ұзындығы екі қарыс, жуандығы бір жіліншектей, екі діңгектің үстіне сыйғызды.

9 тоғыз жолдың торабы (1-ші ет, 2-ші қан, 3-ші сүйек, 4-ші жілік, 5-ші сіңір, 6-шы тамыр, 7-тері, 8-май, 9-шы түктер), 8 сегіз қиыр шартарап (1-ші жазба, 2-ші мәске, 3-ші назыма, 4-ші дафға, 5-ші ғадие, 6-шы мысурра, 7-ші наміе, 8-ші мүллада) төрт бұрыш түгел он (1-ші бауыр, 2-ші ми, 3-ші жүрек, 4-ші талақ, 5-ші өт, 6-шы құрсақ, 7-ші өкпе, 8-ші шектер, 9-шы бүйрек, 10-шы екі домалақ) түрлі қазына орнатып, 440 жерден бекіту салып, 365 өзен ағызып (365 сала тамырлар), 12 тесік жолдары (екі құлақ, екі көз, екі танау, ауыз, екі емшек, кіндік, төменгі екі алдыңғы және артыңғы тесік жолдары) жерден даруаза жасап, мешіт те – өзінде, базар да – өзінде, көше орамдар да – өзінде, бау ағаш та

– өзінде, жерде не болса, бәрі өзінде; ауызбен айтып болмайтын қылып жасады. Оты да өзінде, желі де өзінде, суы да өзінде, топырағы да өзінде. Ол шаһарда бір патша бар – елі өзінің ішінен шығарып, отырғызып қойды. Патша түзу болса – қара оқыр бәрі түзу. Патша бұзылса бәрі бұзылатұғын қылып қойды.

Адамның денесі екі нәрсенің күшімен саламат, ауыр үйсіз (ауыр ойсыз). Екіншісі – қызыл қан, бірі бұзылған қара қан.

Бірі ақ қан демалыс қан, далаға шыққан қара қан. Сол үшін «Бір дем ары, бір дем бері» - деген сөздің түпкі мағынасы. Осы екі демалыстың бір тоқтаса адам дереу өледі де қалады.

Бұл екі демалысқа күш беруге жақсы тамақ керек.

Екі демалысқа өскін – харекет, жүріп, тұру қажет.

Екі демалысқа ұйқы мен ояулықты қалыбында беру керек.

Екі демалысқа күш беруге шатлық керек. Адам өз көңілін өзі көтеріп жүруі керек. Қазақта мақал бар: «Ит өз құйрығын өзі алып жүрмесе, оны кім алып жүреді?» - деген.

Жан – асыранды құс. Дене – бір қапас. Ол құсқа от, су бермесе қапаста тұрып аштан өліп қалады. Оған қорек керек. Хайуан тамақтан семіреді, адам құлақтан семіреді. Жақсы сөзге жан семіреді. Жанның қорегі – құлақ сүйсінерлік сөз.

Адамның жаны асыл жаратылған ғалам әр уақытта махаббат арттыру үшін келді.

Жан жоғары нұрдан, дене – төмен жерден.

Ғаламда 4 фәсіл бар. Адамның да жаздай жадырап, қыс сықылды шытынап, біресе кеңейіп, біресе тарылып отыратұғын уақыты бар.

Адамның бойындағы мінез біткеннің тұқымы: ғақылдан, ашудан, шаһуаттан (еркекте де, әйелде де бар) шығады.

Ғаламда ай, үйлер болса, адамға – заман. Ғаламда шаһар болса, адамға – мекен. Жерде таулар болса, адамда – сүйектер, жерде ағаш, шөп болса – адамда шаш, сақал-мұрт бар. Жерде 7 ықылым болса, адамда 7 ағза бар. Жерде зіл-зала сағқа бар, адамда – күлмек, жыламақ, түшкірмек, жүгірмеклер бар. Жерде өзен ақса, адамда тамырларынан ағатұғын қан бар.

Құдайын осылайша өзін табу арқылы табады.
Қожа Ахмет Яссауидің үшінші халғасы:
«Сүлеймен ата айтқан:

«Ердің бәрін хызыр біл,
Түннің бәрін қыдыр біл!
Асты көрсең, қадір тұт,
Ерді көрсең, қыдыр тұт!
Барша - бидай, біз - сабан,
Барша – жақсы, біз – жаман» - деген.

Иә, бөгеліп қалған бұлақ көздерін аршып, бізге таусылмас рухани азық, жұтамас байлық қалдырған, ұлы ойшыл, діндар ағартушы, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы және жоғарыдағы жазылған барша жан мен тәннің байланысын тамаша тәмсілдермен тәфсірлеп қалдырған.

1858-1931 жж. аралығында Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туып, ілім-білім, ғылым жолдарында өлшеусіз еңбек жинап, қазақ фольклорының майқаймағын жинап, араб және парсы тілдерінен бөлек, көп тілдерді білген ғұлама өмірінің соңында Ескеліде қайтыс болған.

Академик Шапық Шөкіұлы өзінің «Өмірдің төрт мезгілі» деген еңбегінде: «... Мәшһүр-Жүсіп сияқты кісілердің арқасында, біз бір кездегі бірінің артынан алма-кезек келген көпірмелер сөзіне елтіп, ой-санамызды аман сақтап қалдық», - деп жаза келе: «Әуелі сыбыс аңызға айналады, аңыз үміт-сенімге жетелейді», - деген пікір айтады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:
«Мен айтпасам білгенімді,
Сен жазбасаң көргенімді,

Ұрпағың қайдан білер өмір сүргенімді?!» – деп баршаға ақыл деп, үндеу тастап, өмірінде өлең жазумен қатар, ауыз әдебиеті үлгілерін жинап бастырумен және шежірелер мен айтыстарды, сондай-ақ көптеген тарихи жырларды хатқа түсіріп, кейінгі ұрпаққа аманаттап қалдырған жан.

Табиғаттың тылсым тілін игерген, Қожа Ахмет Яссауи мен әл-Фараби сияқты өзгеге бой бермес, шыңырау мұхит.

Шындықты айтқанда, жалғанның бет-пердесін жұлып тастап айту оңай шаруа емес.

« - Е, не дейсің, о, несі-ей, қой одан бетін аулақ қылсын. Таласпай бастандаршы», - деп кей уақыттарда көзін жұмып, өз-өзімен сөйлесетін де болған екен.

«Мәшһүр Жүсіптің білмейтіні жоқ екен», - деп тамсанып отырған ұлы Әбдірахманға Абай:

– Шәкәрім мен Мәшһүр Жүсіп – құрдас. Екеуі де дін жолына берілген жандар. Мен де ақынмын, Мәшһүр де ақын. Дегенмен, ол ақын болғанымен құдайға жақын. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіп адамзаттың әулиесі ғой, - десе керек.

Ал «ой, ол – нағыз ақын», - деп алдында да айтысып отырған шәкірттеріне ашуланған Мәшһүр Жүсіп:

– Ананы да, мынаны да ақын дейсіңдер. Мен білетін ақындардың әулиесі Құнанбайұлы Абай сияқты өлең шығарған ешқайсысы жоқ, - деген екен (Әсет Қажымұқанұлының жанұялық мұрағатынан алынған, 2-дептер, 4-ші бет.).

Бірін-бірі сыйлап өткен екі әулие. Ұлттық сана-сезімнің оянуына ұйытқы болған, жарқын талант иелері. Тіршілігінде мағынасыз, мақсатсыз басқосулардан алшақтау жүруге тырысқан жан.

Мәшһүр: «Бұ дүние – бір қараңғылықтай нәрсе. Оны жанды қылатұғын – ақиқат сөз. Сөз өліп қалған көңілді тірілтеді. Сөздің ізетінен адамның жаны рақат алар. Сөз жүгінің самалы Хазірет Жәбірейіл ғалайсалам (Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбарға Алладан Құранды жеткізуші періште) болды» - деп айтқан. Бұл дегеніміз бірыңғай дінге емес, сөз құбылысына берілген анықтамасы.

Қазақ халқы ұлт ретінде жоғалу қаупіне ұшыраған тұста ұлтты сақтап қалу үшін адамдарды жерінен, тілінен, дінінен ажыратпау міндеті алға шықса, Мәшһүр-Жүсіп осы үш майданда да аянып қалмаған. Қазақ жерін сақтап қалу идеясы 1907 жылы Қазанда басылған 3 кітап «Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» және XIX ғасырдың соңғы он жылдығында шығып тұрған «Дала уәлаяты» газеті беттеріндегі мақалаларда, сонымен қатар ел арасында кең тарап, той-жиындарда айтылып келген өлең-киссаларында орын алған. Алайда, елдік мүдде тұрғысынан әлі зерделенген жоқ.

Жастайынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазарлық болғаннан-ақ Мәшһүр Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз бетінен де жинаумен айналысқан фольклоршы. Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Ә. Диваев сынды ғалымдармен аты қатар жазылуға тиісті. Өйткені көптеген жанрдағы еңбектердің үлгілерін жинап ұсынған. Қолжазбаларында көптеген ақын жыраулардың өлең мен қиссалары, дастандары т.б. бар: Бұхар жырау, Мәделі қожа, Сақау ақын, Ақан сері, Шернияз т.б. өлеңдері, Қоңырат Сапақ датқа ақын, Үйсін Үмсін қыз, Заман қожа, Тоғжан, Қалдыбай қожа, Шөже ақын, Арғын Қамбар Жанак, Найман Сабырбай, Найман Түбек, Найман-Опан қыз, Орынбай, Шортанбай қожа, Күлік-Жамшыбай, Қаракесек Балта, Көтеш, Ақмолла, т.б. ақындар туындыларын қағазға түсірген.

Жасынан ауыл молдасынан сабақ алып, 1870 жылдары Хамеретдин Хазіреттің медресесінде, 29 жасында Бұхарада оқиды. 1875 жылдан бастап біраз уақыт оқытушы болады. «Дала уәлаяты» газетіне хат-хабар, мақала жіберіп, тілші болған. 1887-1890 жж. Орта Азияны аралап, Самарқан, Ташкент, Түркістан, т.б. шаһарларға сапарға шығады.

Мәшһүр Жүсіп бір жыл Бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркі тілдерін үйренеді. Өзбек, тәжік және т.б. тілдерді де біледі, әдет-ғұрпын түсінеді. Көптеген ғылыми кітаптарды оқып, танысады.

Келесі жылы Бұхарадан қайтып, Түркістандағы атақты Қожа Ахмет Яссауидің басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезді көреді. Онда да бірсыпыра уақыт болып, бірнеше ғалымдармен танысады. Одан әрі Сыр өңірін аралайды. Майлықожамен жолығады, жеті атасынан бері ақындық үзілмеген дуана

қожа Көшек, Күдері қожа тұқымдарымен таныса келіп, Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытау мен Кіші тауды басып, Есіл мен Нұраны мекен қылған жұртты аралайды.

Жалпы алғанда Мәшһүр туралы деректерге сүйенер болсақ, ол туралы алғашқы мақала («Қазақ әдебиеті», № 2, 5 қаңтар, 1940) жазылып, өзінің әділ пікірін айтқан адам – академик Әлкей Марғұлан. Сол өлкеде туып-өскен академик жастайынан өлеңдерін жаттап, атағына тәнті болған ғалым, ақынның шыққан тегі, өскен ортасы, шығармашылығы туралы мол мағлұмат береді.

Шығармашылығына орынды сын-пікір жазған әдебиет тарихының білгір маманы, ғалым – Бейсенбай Кенжебаев. Өзінің «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» деген еңбегінде Мәшһүр Жүсіпті демократтық-ағартушылық бағыттағы ақындардың бірі ретінде қарап, негізінде оның Қазанда жарық көрген (1917) үш кітабына жеке-жеке тоқталып, сөз етеді. Өзекті мәселелерді көтергендігін, халықты оянуға, өнерге, мәдениетті, іргелі ел болуға шақыруын жоғары бағалайды.

1959 жылы өткізілген ғылыми-теориялық конференцияда ақынның әдеби мұрасы туралы баяндама жасаған І. Жарылғапов, Е. Ысмайлов, Ә. Қоңыратпеов, Ш. Кәрібаев, Б. Кенжебаев бәрі дерлік оның шығармашылығының құндылығын, әсіресе халық ауыз әдебиетін жинаудағы еңбегін аса зор бағалайды.

Тұтастай алғанда, біз Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын кезеңдік қана мәнге ие емес, ұлт руханиятының бүгінгіне де, ертеңіне де жарайтын құндылық деп тұжырымдай аламыз.

Жан мен тән тұрғанда әр жан, әр қазақ, әр ұлт үшін Мәшһүр мұрасы өміршең...

Резюме: В данной статье говорится о взаимосвязи тела и души, которая представлена на ярких примерах и сравнениях в произведениях Машихур-Жусипа Копейули, известного деятеля казахской культуры и литературы, ученого и историка, впервые упоминаются опубликованные сведения о самом поэте и его произведениях.

Summary: This article talks about the relationship between body and soul, which is presented with vivid examples and comparisons in the works of Mashkhur-Zhusip Kopeyuli, a famous figure of Kazakh culture and literature, scientist and historian, for the first time published information about the poet himself and his works is mentioned.



**Иманбекова Гулшат
Медетбекқызы**

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті "Дулатитану және Өңір тарихы" ғылыми-зерттеу орталығының ғылыми қызметкері

**XX ҒАСЫРДЫҢ ІІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
М.Х.ДУЛАТИДІҢ «ТАРИХ-И РАШИДИ» ЕҢБЕГІНІҢ
ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХНАМАСЫ**

Түйіндеме. Бұл мақалада қазақстандық белгілі тарихшы ғалымдардың М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» кітабын зерттеу арқылы, тұңғыш Қазақ хандығының құрылу тарихы және қазақ хандарының ел билеудегі саясаты жөніндегі еңбектері жайлы айтылады.

Кілт сөздер: Мұхаммед Хайдар Дулати, Тарих-и Рашиди, Н.Н.Мингулов, Моғолстан, Қазақ хандығы, Ақ Орда.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» кітабы – орта ғасырлар тарихының энциклопедиясы, ғылым мен мәдениеттегі алғашқы тарихи жазба дерек боп саналады. Онда аталған ғалымдардың, жазушылардың, ел билеушілердің, хандардың, патшалардың, сұлтандардың, қолбасшылардың, батырлардың, қалалардың, елді мекендердің, таулардың, көлдердің, халықтардың, тайпалардың, рулардың аттары, олар туралы мағлұматтар – қазіргі шетелдік және Отандық ғалымдар үшін таптырмас байлық, сарқылмас мол қазына. Осы тарихи еңбекте алғашқы Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасу кезеңін зерттеп, жазбаша түрде деректемелік және құжаттамалық мәліметтерді жазып қалдырған қазақтың тұңғыш тарихшысы М.Х.Дулати болды. М.Х.Дулатидің өмірін, шығармашылық еңбегінің сипаты мен мазмұнын талдап, әрі

оны жаңаша зерттеп, тарихи баға беруде XX ғасырдың ІІ жартысындағы отандық тарихшылардың еңбегінің маңызы аса зор.

Н.Н.Мингулов 1965 жылы шыққан «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (VI-ІІ-XIX)» атты кітабында Мұхаммед Хайдар Дулати жайлы жазды. Ол әуелі Мырза Хайдардың дулат руынан шыққанын зерделей отырып, оның қазақ халқы этногенезіндегі орнын анықтауға тырысқан. Н.Н.Мингулов Мырза Хайдар еңбегінің одан кейінгі тарихшыларға жасаған ықпалын көрсету мақсатымен Амин Ахмед Разидің, Мұхаммед Ағзамның Мырза Хайдардың өзі және шығыс жұлдыздарының «Тарих-и Рашидиге» берген бағалары туралы атап өтеді.

Н.Н.Мингулов: «XV ғасырдағы Моғолстан шекарасының қай жерде болғаны сияқты маңызды сұраққа әлі де жауап табылған жоқ.

Бұл мәселе туралы ешбір ортағасырлық шығыс авторларының еңбектерінде де жазылмаған. «Тарих-и Рашидидің» «Моғолстан мен оның шекаралары» атты бөлімінде шекаралар туралы берілген мәліметтері аса құнды», - дей отырып аталған бөлімнің аудармасын келтіреді [1]. Қазақстандық ғалым «Тарих-и Рашиди» мәліметтері бойынша Қазақстан географиясы құпияларының бірі туралы Мырза Хайдардың деректерін құптайтынын жазған. Н.Н. Мингулов ортағасырлық кейбір ғалымдардың ойынша, Балқаш көлінің суы әрқашан ащы және ішуге жарамсыз дейтінін айта келе, 1903 жылы академик Л.С.Бергтің Балқаш көлін зерттегеннен кейін, мұндағы судың жақын уақытқа дейін тұщы болғанын дәлелдеп, Балқаштың жаңа геологиялық құрылым болып келетініне көңіл аударған. Балқаш көлінің суы дәмді болғанын Мырза Хайдар өзінің еңбегінде Моғолстанның тұрмыс-тіршілігін әңгімелегенде айтқан. Ортағасырдағы жер-су атаулары, өзен-көлдердің орналасуы, географиясы мен табиғи климаты, ауа-райы туралы жазғанын талдап, бүгінгі уақыттағы табиғи ерекшеліктерімен салыстырып зерделеді.

Н.Н.Мингулов өз мақаласында «Тарих-и Рашидидегі» Саид ханның қазақ ханы Қасым ханға барғаны жайлы бөлімді толығымен келтірген. Осы арқылы қазақ салт-дәстүрлерінің сол ежелгі уақыттан осы күнге дейін жоғалмай сақталып келгенін көрсету еді. Әсіресе, қазақ елінің қонақжайлылығы, хан сыйлау дәстүрі, әдет-ғұрыптарымыз, ұлттық сусынымыз – қымызға деген құрметі барынша шынайы көрсетілген. Этнографиямыз, мәдениетіміз, өнеріміз, ұлттық байлығымыз, салт-дәстүрлеріміз сол кездегі ел билеу саясатынан да анық көрінеді. Осының барлығын екшелеп, ғылыми тұжырымдамасын дәлелдеген зерттеушіміз Н.Н.Мингулов болды.

Шығыстанушы В.П.Юдин 1965 жылы жарық көрген «Моғолстан және Моғолстан моғолдарының рулық құрамы және олардың қазақ және басқа да көршілес елдермен этникалық байланысы» атты мақаласында «Тарих-и Рашиди» жайлы былай деп жазады: «Парсы-түркі тілді нарративті деректердегі моғолдардың рулары мен тайпалары туралы

мағлұматтар өте аз. Оларды біріктіріп жетелеп түсіру ғана моғолдардың рулық құрамы жайлы суретті жаңадан шығаруға болады. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди», Шах Махмұд Мырза Фазл Шорастың «Жылнамасы» және белгісіз автордың «Тарих-и Қашғары» осыған негізгі деректемелер болып табылады» деген екен [2].

В.П.Юдин «Тарих-и Рашиди» еңбегі толық болуы үшін түпдеректерді еркін қолданған. Мырза Хайдар кітабынан ол керейлер, қаңлылар, арқануттар, дулаттар, шорастар, арлаттар, құрлауыттар, қарлұқтар, ақбарақтар және тағы басқа тайпалар және осы тайпаларға қатысты тарихи деректерді пайдаланған. В.П.Юдин моғолдардың түркі тілдес халық екенін дәлелдеуді мақсат еткен. Жоғарыда аталған деректерді қолданып және ең бастысы «Тарих-и Рашиди» арқасында ғалым: «Моғолдардың түркі тілді болуы – кеш болған құбылыс емес, ежелгі құбылыс. Ал енді моғолдардың қайсы түркі тілінде сөйлескендері жайлы мәселеге келер болсақ, біздің ойымызша олар қыпшақ түркі тілінде сөйлесті, ал ол қазақ және қырғыз тілдеріне жақын», - деген түйін жасады.

Белгілі тарихшы ғалым К.А.Пищулина М.Х.Дулатидың «Тарих-и Рашидидің» зерттеуге көп үлес қосты. Оның «XV ғасырдағы қазақ хандығы» және Алматыда жарық көрген «XIV ғасырдың ортасы - XVI ғасырдың басындағы оңтүстік-шығыс Қазақстан» атты еңбегіне Мырза Хайдардың еңбегі таптырмас дерек болды. Ол саяси және әлеуметтік-экономикалық тарихқа қажетті сұрақтарды қарастырған. Зерттеуші ғалым Мырза Хайдардың Моғолстан шекараларын көрсеткен тараудағы үзіндіні енгізген. Осы тараудың «XV ғасырдың екінші ширегіндегі феодалдық қақтығыстардың күшеюі» атты параграфында да К.А.Пищулина «Тарих-и Рашиди» мәліметтерін пайдаланған. Соның ішінде, Уәйіс ханның өлімімен елдегі уақытша тұрақтанудың аяқталғанын, ал ақсүйек феодалдардың экономикалық және саяси ахуалының күрт өскенін, дулат әмірі Сейіт Әлі малының санымен мысал келтіреді. Уәйіс хан қайтыс болғаннан кейін оның жас екі баласы – Есенбұға мен Жүніс хан арасында, яғни оларды қолдаған ақсүйектер арасында орын

алған тақ үшін талас басталады. Есенбұға хан таққа Мырза Хайдардың айтуы бойынша 1433-1434 жылдары отырған. Мырза Хайдардың Есенбұға және оны қолдаған ақсүйектер таққа келгеннен кейін елді орнықтырды дегеніне К.А.Пищулина: «Мұхаммед Хайдар билікке келген дулат ақсүйектері елде тыныштық орнатты деп ойлағысы келді: «Бірақ Моғолстан Есенбұға ханға бас иді, барлық әмірлер оған қызмет етті, ханның бүкіл маңызды істері түгел шешілді»-деп күмән келтіреді. [3] Осы жағдайда зерттеуші «Тарих-и Рашидиден» жоғарыда талқыланған дулат әмірлерінің жан-жаққа кетіп, әрқайсысы отырықшы өмір сүруге бейімделгендері жайлы деректер келтірген. Жүніс ханның саяси билігі мен Моғолстан тағында отырған қызметтерін К.А.Пищулина «Тарих-и Рашидиді» пайдаланып жазған.

Осы тараудың «Мемлекеттік құрылым» атты параграфы да «Тарих-и Рашидиге» жүйеленген. Соның ішінде Хайдар Дулатидің Моғолстан, жете, моғол, ұлыс атаулары жайлы деректері және этникалық топтардың атаулары мен этникалық терминдер де К.А.Пищулина еңбегіне аса тарихи маңызды дерек болған. «Жетісудағы Қазақ хандығының құрылуы мен Моғолстанның ыдырауы» деген келесі және «Тарих-и Рашидиді» қолданған соңғы параграфында К.А.Пищулина Керей мен Жәнібек хандардың Ақ Ордадан Моғолстан жеріне көшкені жайлы дерек ең алғаш рет осы еңбектен табылғанын айтқан. Сонымен қатар К.А.Пищулина Әбілқайырдың билігінде және ол қайтыс болғаннан кейінгі саяси әлауал, Керей мен Жәнібектің саясаты, қазақ хандығының құрылу уақытына байланысты жағдайларды, Моғолстанның ыдырауына түрткі болған саяси және экономикалық үрдістерді «Тарих-и Рашидиге» пайдаланып жазған.

М.Х.Дулати Моғолстан мемлекетінің құрылу, өсу, өркендеу кезеңдері мен мемлекет ретінде күшейіп, көркейген кезеңдерін баяндап берумен қатар, біртіндеп Моғолстанның бұрынғы саяси рөлінен айырыла бастағанын тарихи процесс ретінде шебер суреттейді. Моғолстанның алып жатқан ұлан-байтақ территориясы тарылып, XVI ғасырдың 14-жылдары Шығыс Түркістан аймағына, бір кездері Өртөбеге

Шыңғыс хан суйурғал ретінде берген өлкеге ысырылып, билік жүргізгенін өзі басынан кешкен кезеңдермен байланыстыра сипаттайды. Тарихтың ұзақ көшінде Моғолстан мемлекеті алып империяның шағын бір бөлігіндей саяси аренадан ысырыла бастағанын зерттей отырып суреттейді.

Моғолстан жерінде ең алдымен қазақ халқының жеке хандық көтеріп, тәуелсіз мемлекет болып құрылғанын, Моғолстан құрамындағы қырғыздардың саяси бірлестік ретінде топтасуын, өзбектер мен қырғыздардың, ұйғырлардың жұрт ретінде қалыптасу процесін М.Х.Дулати тарихи деректермен көрсетіп бере алған. Моғолстан өмір сүрген жылдары тарихи аренаға жаңа мемлекеттердің дүниеге келіп, бой көтеруі – тарихи тұрғыдан объективті заңды процесс болатын. Көрнекті ғалым К.А. Пищулина: «Моғолстан бір жарым ғасыр бойы өзінің саяси шеңберінде (XIV ғ. ортасы мен XVII ғ. бас кезінде) үш бірдей түркі халқының – қазақ, қырғыз, өзбектің қалыптасуы аяқталған мемлекеттік құрылым болды», - деп атап көрсетті. К.А.Пищулина «Тарих-и Рашиди» деректерін кеңінен пайдаланған. Мырза Хайдардың еңбектерінің өзінің зерттеулерінде маңызды тарихи дерек көзі болғанын атап көрсеткен.

Мұхаммед Хайдар Дулати XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығы тарихын, соның ішінде хандықтың құрылу тарихын Моғолстан мемлекетінің арғы өмірімен байланыста қарастырған. Оның «Қазақтар және қазақ сұлтандарының тіршілігі туралы; бұл атаудың оларға берілуі хақында және олардың істерінің салдары жайында әңгіме» атты бірінші кітабының отыз үшінші тарауы осы мәселелерге арналған. Қазақ деген халықтың өз мемлекетін құрып, тарихқа дербес ел ретінде енуі – атақты тарихшының жазуы бойынша 1465 жыл. Қазақ хандығының құрылуының мезгілі мен мекенін белгілеп, тұрақтандыруда бұл деректердің ғылыми, мәдени-әлеуметтік маңызы мен мәні зор.

Қазақ хандығының іргелі елге айналған кезеңі Қасым хан билік құрған тұс екендігін ол: «Керей ханнан кейін Бұрындық хан басқарды. Одан соң Жәнібек ханның ұлы Қасым хан басқарып,

Дешті Қыпшақ даласын толық биледі. Оның әскерінің саны мың-мыңдаған адам еді. Жошы ханнан кейін ол жұртта одан ұлы хан болған емес», - деп баяндайды.

Мұхаммед Хайдар Дулатидың тарихи жәдігер туындысын қазақтың ғұлама ғалымдары Ш.Уәлиханов, Ә. Асфендияров, М.Қозыбаев жоғары бағалаған. Бүгінгі күндері Мұхаммед Хайдар Дулати еңбегі жүйелі зерттеле бастады. Оған К.А.Пищулина, Н.Н.Мингулов, В.П.Юдин Ә.Дербісәлі, Т.Омарбеков, Қ.Атабаев, Б.Кәрібаев, А.Асқаров, Б.Қожабеков, Ә.Байбатша, Ж.Молдабеков, Ж.Дәдебаев, М.Қазыбеков және басқа тарихшылар өз үлестерін қосқан.

1969 жылы Алматыда С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В.П. Юдин құрастырған «XV-XVIII ғасырлардағы қазақ хандықтарының тарихы бойынша мәліметтер» атты еңбек жарық көрді. Оған парсы және түркі шығармаларынан үзінділер енді. Соның ішіндегі ең бастысы – Мырза Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еді.

Тарих қойнауына терең көз жүгірте отырып, орта ғасырдағы іргесі қаланған қазақ хандығының саяси жағдайының бірнеше рет өзгеріске түскенін көреміз. Ата-бабамыз

болашақ ұрпағы үшін ұлан байтақ жерді қасық қаны қалғанша қорғаған, ұлтымыз бен байлығымызды, тарихымызды сақтап қалған. Алғашқы Қазақ елінің хандары Керей мен Жәнібек бірінші болып, қазақ хандығын құрып, өркендеуі мен нығаюына барынша күш жігерін жұмсады, тарихтың беттеріне аттары алтын әріппен жазылып, қалдырылды.

Бірнеше ғасырлар бойы азаттық, бостандық үшін жан аямай күрескен бабаларымыздың аңсаған арманы егемендігі мен тәуелсіздігімізді қазақ халқы 1991 жылы ғана алдық. Тарихи тағылымұсына аларұлығалымымыздыңғылыми еңбегі мен қызметіне, әдеби жәдігерлеріне үлкен жауапкершілікпен қарау – бүгінгі ұрпақтың парызы. Қазақтың Геродоты атанған М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегін зерттеу арқылы тұңғыш қазақ хандығының құрылу тарихымен және қазақ хандарының ел билеудегі саясаты жөнінде нақты тарихи және деректемелік құжаттамаларды бізге жеткізуші «ғұлама ғалым, ірі қоғам қайраткері, тарихшы, қолбасшы, дипломат, ұлы бабамыз» екендігін ұғындыру, дүниежүзілік мәдениеттің негізі бөлігі ретінде қазақ халқының өсу тарихы мен өркениетін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Н.Мингулов. «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (VIII-XIXғ.)», Қазақстан /Алматы, 1965ж.
2. В.П.Юдин. «Моғолстан және Моғолстан моғолдарының рулық құрамы және олардың қазақ және басқа да көршілес елдермен этникалық байланысы», Қазақстан /Алматы, 1965ж.
3. К.А.Пищулина. «XV ғасырдағы қазақ хандығы», Қазақ ССР қысқаша энциклопедиясы / Алматы 1984ж.

Резюме: В данной статье рассказывается о работе известных казахстанских ученых-историков по изучению книги М. Х. Дулати «Тарих-и Рашиди», об истории создания Казахского ханства и политике казахских ханов в правлении страны.

Summary: This article tells about the history of the first Kazakh Khanate and the works of the Kazakh khans on the policy of governing the country based on the study of the book by M.H. Dulati "Tarikh-i Rashidi" by famous Kazakh academic historians.





Пәрімбекова Камшат

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы, Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы

ЖАҢАҚОРҒАН ӨңІРІНІҢ КИЕЛІ МЕКЕНДЕРІ ЖӘНЕ АЙҚОЖА ИШАН МҰРАСЫ

Түйіндеме. Мақала Сыр өңірінің Жаңақорған ауданындағы қасиетті мекендер және Айқожа ишан Темірұлының осы өңірде ислам дінінің өркендеуіне сіңірген қызметі мен тарихы және 250 жылдық мерейлі тойының аясында өткен іс-шаралар туралы.

Кілт сөздер: Сыр өңірі, Жаңақорған, Айқожа ишан Темірұлы, мерейтой, киелі орындар, қожалар, конференция.

Қасиетті Сыр елі тарихта ойылып аты қалған киелі орындарға толы аймақ. Қызылордаға қарасты әрбір ауданның жерінде тарихи мекендер баршылық. Соның ішінде Жаңақорған жері ерте заманнан тарихқа куә жерлердің бірі. Қазіргі Жаңақорған ауданы батысында Шиелі ауданымен және Өзбекстан Республикасымен, шығысында Түркістан облысының Созақ, Сауран, оңтүстігінде Отырар аудандарымен шектесетін киелі жерлерге бай мекен. Жаңақорған ауданында Қарасопы, Хорасан ата, Құрбан ата, Сунақ ата кесенелері, Ақтас мешіті сияқты тарихи-мәдени ескерткіштер бар. Мұнда Ақ Орданың астанасы Сығанақ қаласының орны, ортағасырлық Сауран, Өзгент, Аққорған, Ордакент сияқты ежелгі қалалардың орны сақталған. Солардың кейбіріне тоқталсақ.

Сығанақ қалашығы. Сыр еліндегі тарихи мәні терең көне қалалардың бірі – Сығанақ. Қазақстанның киелі жерлерінің картасына еліміз бойынша таңдалып алынған 100 қасиетті

орындардың тізіміне облыстан 12 ескерткіш енгізілсе, соның бірі осы Сығанақ қаласы.

Ғалымдар Сығанақты қыпшақ даласының қақпасы деп те атайды. Оның өзіндік тарихи дәлелдері жетіп артылады. Бұл қала кезінде Қыпшақ хандығының, Ақ Орданың, Әбілқайыр хандығының, кейін Қазақ хандығының астанасы болған.

Сығанақ қаласының орны Жаңақорған ауданына қарасты Сунақата елді мекенінен солтүстік-батысқа қарай 2 шақырымдай жерде орналасқан. Бұл қала туралы алғашқы мәлімет 982 жылы жазылған «Худуд ал-Алам мин ал-Машрик ила-л-Магриб» («Шығыстан батысқа дейінгі әлем шекаралары») атты авторы белгісіз еңбекте «Сунах» атымен кездеседі. X ғасырда өмір сүрген араб географы аль-Мукаддаси (Макдиси) аталған қаланы Отырармен кіндігі бір егіз қала деп көрсеткен. Ал, XI ғасырда қаланың Сығанақ деген атауы атақты ғұлама ғалым Махмут Қашқаридың «Түркі тілінің

сөздігі» деген атақты еңбегінде жазылған. XI-XII ғасырларда Қарахан мемлекетінің кезіндегі жазба деректердің барлығында қаланың аты жиі кездесіп отырады.

Академик Әлкей Марғұлан өз еңбектерінде орта ғасырдағы Сығанақтың саяси тіршілігін, мәдениетін, ұлан-байтақ базарын, қала құрылысын, үйлерін толығырақ жазған ғалымдар Шарафуддин Иазди, Фазуллулла Ибн Рузбихан деп атап өтеді. Олардың еңбектеріне сүйенсек, Сығанақ – қыр даланың іргесінде әдемілеп салынған шаһар. Ескі дәуірлерде ол өте гүлденіп тұрған үлкен қаланың бірі болған. Бұл өлкенің жер байлығы, елінің әдеп, мәдениеті көзге ерекше түскен. Сәулетті салынған шаһардың халқы да көп болған. Қаланың базарында күн сайын 500 түйеге артылған тауар сатылады екен. Оның маңайы толған егіндік, бақша, арық, тоған болған. Бұл қалаға Арқадан Хажы-Тархан (Астрахань) жағынан қаншама бай дүние келетін, олардың ішінде мыңдаған қой, топталған жылқы, түйе, қымбат ішіктер, тондар, қару-жарак, қайыңның безінен жасалған жебелер, жібек маталар болатын. Сығанақ әрі сәулетті, әрі бай жер болғандықтан, оған Еділден, Каспий теңізінен, Қашқардан, Хотаннан, Мәуереннахрдан қаптаған саудагерлер келіп, сауда-саттық жасайтын.



1 сурет. Сығанақ қаласының қирандысы



2 сурет. Сығанақ қалашығының орны

Ұлы Жібек жолының дағдарысы мен көршілес өзбек, жоңғар билеушілерінің шабуылдары Сығанақтың өз маңыздылығын жоғалтуына алып келді. Қаланың орталық бөлігі XVII ғасырдан бастап зират ретінде қолданылған. XVII–XVIII ғасырларда бірнеше рет жоңғар шапқыншылығына ұшырады. Осы шапқыншылықтар және басқа да әртүрлі себептерден қала бірте-бірте өзінің өмір сүруін тоқтатты.

Қарасопы кесенесі. Өзгеріссіз өз архитектуралық маңызын сақтаған бірден-бір ескерткіш – Мамырайым шайх пен Ыбырайым шайх кесенесі. Кесене XVII-XIX ғасырларда салынған. Жобадағы өлшемі 14x9 метр, биіктігі-9 м, үстінде 8 айшығы бар, шағын екі бөлмеден тұрады. Қабір жатқан бөлменің аумағы 12,34 x 8,70 м, қосалқы бөлме аумағы 6,50 x 5, м. Есігі құбылаға қараған, алдында Қарасопының төртқұлақты сағанасы бар. Жаңақорған кентінен 5 шақырым оңтүстік батысында орналасқан. Басында белгі тақтасы бар, сырты қоршалған. Қарасопы Айқожа ишанның шәкірті, әулие кісі болған. Айқожа ишан Қарасопыны көзінің тірісінде Қаражан деп атаған. Желдей есіп жылдам жүретін Қарасопыны Айқожа ишан алыс-шалғайдағы халық арасына дінді уағыздауға және дау-дамайға төрелік жасауға жұмсап отырған. Айқожа ишанның 11 баласының бәрі де білімдар болған. Соның бірі – Мамырайым шайх Қоңырат Алты атаның пірі болған. Кейіннен осы жерге ағайынды Мамырайым шайх пен Ыбырайым



3 сурет. Қарасопы кесенесі (Мамырайым Шайх және Ыбырайым шайх кесенесі) 1895 жылы салынған

шайхқа арнап Қоңырат Алты атаның ұрпақтары күмбезді кесене салған. Өткен ғасырдың 30 жылдарындағы діннің аяғын тұсап, қожа-молдалардың соңына шырақ алып түскен қуғын-сүргіннің кезінде Мамырайым шайх пен Ыбырайым шайхтың кесенесі деп айтуға қорқып, «баяғыда өмірден өткен Қарасопының кесенесі» деп атаған.

Қарасопы дүниеден өткен соң оның мәйіті осы жерге қойылған. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің «Қызылорда облысы» бойынша жинағындағы «Қарасопы кесенесі» деген мақалада: кесене Қарасопы деп аталғанмен, бұл жерде Айқожа ишанның балалары Мамырайым, Ыбырайым шайхтар жерленген, ал, Қарасопының өзі кесененің алдында тұрған қарапайым төрт құлақты сағанада жерленген, деп анық жазылған.

Ақтас мешіті. Ескерткіш Бесарық аулынан оңтүстік-батыс бағытқа қарай 11 км қашықтықта Ақтас деген жерде орналасқан.

Ғимарат Айқожа ишанның (оның кесенесі жақын жерде орналасқан) өсиетімен салынып, «Ақтас» деп аталады. Аңыз бойынша бұл мешіттің «Айқожа мешіті» аталмай, «Ақтас мешіті» аталуының өзіндік сыры бар. VIII ғ. Ақтас деген әулие кісі араб сарбаздарымен келіп, шейіт болып, осы жерде жерленіпті. Міне, сол кісінің құрметіне «Ақтас мешіті» деп аталған екен. Дегенмен, ел арасында «Айқожа ишан мешіті» деп те қатар аталып жатады.

Ауызша тарих деректеріне сүйенсек, мешіт

құрылысын Айқожа ишанның үлкен ұлы Ибадулла бастап салып, кіші ұлы Атамағзұм аяқтаған. Мешітті салу үшін арнайы Самарқандтан шеберлер алдырып, Тәшкенбай деген кісі құрылысты қаржыландырып отырған. Ал кірпіші жергілікті халықтың күшімен құйылған. Ғимарат Сырдарияның оң жағалауындағы жайылма алқап үсті террасасындағы қырқада орналасқан. Террасаның етегінде емдік қасиеті бар бұлақ ағып жатыр. Мешіттің биіктігі сондай, одан Қожа Ахмет Яссауи мен Арыстанбаб кесенелері көрінетін болған.

Ғимарат тікбұрышты күйдірілген кірпіштерден (26×13×6,5 см) тұрғызылған, жоспарындағы аумақтық өлшемдері 18,55×19,0 м., биіктігі – 20 м. Пішіні төрт бұрышты етіп салынған күмбезді мешіттің қасбеті шығыс жақта орналасқан. Мешіт күмбезіне 4 қырлы, 2 қабатты мойындық арқылы көтерілуге болады. Қабырғалары сәндік өрнектермен әшекейленген. Кіреберіс жағында үш биік, сәнді аркасы бар, ортаңғы аркадан мешітке кіретін есік жасалған. Солтүстік және оңтүстік жақтағы қабырғасына әшекейлі терезелер орнатылған. Солтүстігіндегі терезенің астыңғы жағында және бір есік бар. Мешіттің михрабы батыс жақтағы қабырғаның орта тұсында орналасқан. Солтүстік іргесіне жүргізілген қазба жұмысы барысында төртбұрышты шағын бөлмелердің іргетасы ашылады. Осыған байланысты мешіт жанында медресенің болуы туралы болжам бар. Оған қоса, ғалымдардың зерттеулері бойынша, мешіттің тұрған маңында қазақтардың тұрақты мекен жайларының болғандығы туралы да жорамал айтылады. 1984 ж. тарихи ескерткішті қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі.

Сырдарияның төменгі ағысындағы ең биік мешіт құрылысының жүргізілу тарихы туралы ел арасында көп айтылады. Архитектуралық ескерткіштің салынуын жергілікті тұрғындар қасиетті санаған тұлға – Айқожа ишан есімімен байланыстырады.

Ақтас мешіті қайталанбас өнер туындысы ретінде 1982 ж. республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіші тізіміне енгізіліп, мемлекет қорғауына алынды.

Қорасан ата кесенесі. Жаңақорғаннан 35 км,



4 сурет. Ақтас мешіті 1884 ж. салынған.

Жаңаарық ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 20 км жерде орналасқан. Кесене аңыз бойынша ағартушы Қорасан ата батырдың құрметіне тұрғызылған.

Барлық өмірі мен өнегелі тірлігі алты алаштың баласына мәлім, сонау Арабиядан Орта Азия, түркі, қазақ жерлеріне, соның ішінде Сыр бойына Ислам діні мен мәдениетін алғаш әкелгендердің бірі – халықты имандылық парасатына тәрбиелеген Әбдіжалил Баб еді. Халық аузындағы әңгімелерде ол Қорасан ата деп аталады. И.А. Кастанье айтып кеткендей, ол шешек (қорасан) ауруын емдеген. Егер де ол науқас адамның басынан аттап өтсе, онда оның ауруы асқынбай жеңіл түрге ауысып (бес қонақ ауруы) тез жазылған.

Қорасан атаның тегі араб, Имам Хасанның ұрпағы, Әлидің ұлы, (Мұхаммедтің күйеу баласы). Оның шын есімі Абдулзялил, ал лақаб аты Қорасан.

IX ғ. Иран мен Тұран бағытында қазіргі Орта Азия мен Қазақстанға ислам дінін тарату мақсатында Әбдірахим баб, Ысқақ баб және Әбдіжалил баб бастаған топ жіберіледі. Бұл кездері Ысқақ баб пен Әбдіжалил бабтың әкесі Әбдірахман баб Шам шаһарының патшасы болған. Әбдіжалил Баб Сырдарияның сол жағалауындағы Қызылқұм өңіріндегі «Тотықұс» аралына (қазіргі Жаңақорған ауданының аумағында) келіп табан тірейді, осы жерді тұрақты мекен етеді. Мешіт-медресе салдырып, бала оқытады, емшілік істермен де айналысады.

Қорасан атаның Хусаин-Гази атты ұлы болған. Аңыз бойынша оның қалмақтармен

шайқаста аты шыққандықтан Гази деп аталып кеткен. Хусаинға бірде-бір найза, қылыш, қару еш зиянын тигізе алмаған. Хусаин-Газиді өлтіруді қалаған қалмақтар айлакерлікпен әйелінен оның таң намазы уақытында өз күшін жоғалтатындығын біліп алады. Осылай, қалмақтар Хусаин-Газиді аңдып, таң намазы уақытында мешітке семсермен шауып өлтіреді.

Қорасан ата таңғы «Сүннет» намазын өз мешітінде оқыса, ал, екінші «фарз» дұғасын міндетті түрде Меккеде оқыған. Бірде Хусаин-Гази әкесінен «фарз» уақытында сіз көрінбейсіз, сол уақытта қайда боласыз? – деп сұрайды. Сонда Қорасан ата «фарз» дұғасын Қағбада оқимын деп жауап береді. Соншама қиыншылықпен ол жерге барғанша Ұлы Қағбаны осында әкелсек жақсы емес пе? – дейді. Әкесі бұл жағдай менің билігімде емес деп жауап береді. Сонда Хусаин-Гази әкесінен: Алладан Қағбаны Меккеден осында әкелуін сұрап, дұға жасайды. Әкесі рұқсатын береді, Хусаин-Гази таң намазын оқып отырғанда, Қағба аспанға көтеріліп, Қорасан атаның алдына келеді. Мұны көрген әкесі ұлының қасиетті адам екенін түсініп, Қағбаны Меккеге қайтарады. Хусаин-Газидің тілегі бойынша Мекке бір рет осында ауыстырылған. Қағбаның көлеңкесі түскен жерді сызып қойған. Аңыз әңгімелерде Қорасан ата таңғы намазын оқып тұрғанда бүкіл тұла бойы қорғасындай еріп



5 сурет. Қорасан ата кесенесі

тұратын болған екен. Ислам дінін уағыздаумен қатар жүйке, қояншық, шешек ауруларын емдеп жазатын болыпты. Қорасан ата өзі өлсе де рухы өлмей мазар басына түнеп, перзент сұраған ерлі-зайыптыларға ұл сұраса ұл, қыз сұраса қыз берген. Бұл жөнінде қазақ халқының эпостық жырларының бірі Қобыланды батыр жырында Қорасан атаның киесі туралы айтылады.

Қорасан ата өлгеннен кейін, құрмет тұтқан халқы оның қабірінің үстіне қорған орнатады. Кейінірек бұл жерге мешіт салынады. Кеңес үкіметі кезінде қиратылған мешіт, Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін қайта қалпына келтірілген. Қорасан ата кесенесі өзінің әртүрлі көлемдегі әсем кескінді күмбездерімен ерекшеленеді. Нысан зиратта ғана емес, оны қоршап тұрған бірнеше шақырым жазықтықтан көзге түседі.

Қорасан ата кесенесі тікбұрышты күйдірілген кірпіштерден (28x14x7 см) тұрғызылған. Биіктігі – 14 м, ұзындығы – 16 м, ені – 8 м. Призмалы корпус болып келген кесененің іші жеке-жеке есіктері бар кіші және үлкен камераларға бөлінген. Камералар күмбез асты барабандарында тұрған жарты шар тәрізді кіші және үлкен күмбездермен жабылған. Қорасан ата кесенесі жергілікті маңызы бар тарихи және мәдени ескерткіш.

Айқожа ишан кесенесі. Жаңақорған ауданына қарасты Бесарық стансасынан оңтүстікке қарай 6 шақырымда орналасқан. Айқожа ишан күмбезі – ХҮІІІ-ХІХ ғасырларға жататын сәулет өнерінің ескерткіші. Айқожа бабамыз халыққа білім беріп қана қоймай имандылыққа тәрбиелеген. Күмбездің ауданы 9x9 м, биіктігі 8м, күйдірілген кірпіштен қаланған. Күмбез қазақы ою-өрнекпен безендірілген, 8 қырлы барабанды күмбезге жарық түсетін 4 терезесі бар, маңдайшасын бөренеден қиған. Ішінде сағана түрінде құлпытас қойылып, үстіне арқардың мүйізі қойылған.

«Ишан» парсы тілінен аударғанда «олар», «олардың қайырымдылығы», «шапағаты» деген мағынаны білдіреді. Яғни бұл оларға құрметпен, ізетпен айтылатын сөз. «Ишан» Орта Азия елдері терминінде «ишон», «эшон», «эшен» деп аталып, ол қасиетті және құрметті дін иелеріне берілген титул болған.



6 сурет. Айқожа ишан кесенесі

Соның ең көрнекті өкілі – Айқожа ишан. Бұл қасиетті тұлға 1773 жылы Жаңақорған өңірінде дүниеге келген. Есейген соң Ташкент, Бұхара шаһарла-рына барып, медреселік білім алады. Бұдан кейін Ауғанстандағы атақты ғұлама, қара суды теріс ағызатын Ислам Шайхқа барып, оның қолында төрт жылдай Құлболды, Марал Қосым ишандармен бірге оқып, жоғары білім алады. Содан Құлболды Тереңөзекке, Марал Қармақшыға, Қосым Қазалыға, Айқожа Жаңақорғанға ишан болып оралады.

Айқожа ишан Темірұлының зеректігі және білімдарлығымен қоса оның бойында адам сезе бермейтін бір тылсым күштің барлығын ұстазы Ислам Шайх оның оқып жүрген кезінде-ақ білген. Бірде ол шәкірттерін сынамаққа өзінің алдына шақыртады. Басқалар ұстаз алдына кідірмей кіріп барғанда, Айқожа табалдырықтан аттамай есіктің алдында тұрып қалады. Дінбасы мұның себебін сұрағанда ол: «Мына табалдырықтың астындағы қасиетті затты басып өте алмай тұрмын. Соны алдыруыңызды өтінемін», дейді. Сөйтсе, Ислам Шайх шәкірттерін сынау үшін кіреберіске сездірмей Құран кітабын жасырып қойған екен. Сонда ұстаз да, өзге шәкірттер де Айқожаның көріпкелдігіне таң қалады.

Айқожа ишан Жаңақорған өңірінде халықты сауаттандырумен, діни имандылық тәрбиесін берумен айналысқан. Ол кісі Қарасопыда мектеп, медресе ашып ағартушылық қызметін халыққа дарытқан.

Айқожа ишан 1857 жылы Бесарық стансасы тұсындағы Сарықамыс деген жерде дүние салады. Мәйітін Ақтас әулиенің қасына әкеліп



7 сурет. Айқожа ишан және ұрпақтарынан қалған жәдігерлер көрмесі

жерлейді.

Осы жылдың күз айында Жаңақорған ауданында Айқожа ишанның 250 жылдығына орай салынған «Айқожа ишан» мешіті мен білім беру орталығының ашылу салтанаты және «Айқожа ишан және Сыр бойындағы тасаввуф иелерінің функционалдық қызметтері мен килы тағдыры» атты конференция өтті. Бұл іс-шараны «Айқожа ишан» қоғамдық қоры мен оның ұрпақтары ұйымдастырды.

Конференцияға Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының мамандары Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы К.Пәрімбекова мен осы бөлімнің жетекші ғылыми сарапшысы Г.Бисенова қатысып, орталық туралы мәліметтер беріп, құнды кітаптар көрмесін қойды.

Екі күнге созылған іс-шара алдымен жоғарыда аталған қасиетті орындарға зиярат

етумен басталды. Екінші күні негізгі іс-шараларға жалғасты. Алдымен «Айқожа ишан» мешіті мен білім беру орталығының ашылу салтанаты, одан кейін конференция жұмысы басталды.

Бұл іс-шараға Айқожа ишанның 11 баласынан тараған ұрпақтарынан өкілдер мен арнайы қонақтар Ауғанстан, Өзбекстан және еліміздің Астана, Алматы, Атырау, Қарағанды, Түркістан, Шымкент қалаларынан келді. Бірнеше кітаптардың тұсаукесерлері өтті. Айқожа ишан Темірұлы мен оның ұрпақтарынан қалған жәдігерлер, сирек кітаптар мен қолжазбалардың көрмесі ұйымдастырылды. Халқына қамқор, имандылық қалқаны болған, қазақ даласында ислам дінінің гүлденуіне қызмет еткен қасиетті тұлғалардың бірегейі Айқожа ишанның рухани мұрасы осылайша бүгінгі ұрпақтарымен ұлықталып, шапағатына бөленді.



8 сурет. Айқожа ишан және ұрпақтарынан қалған жәдігерлер көрмесі



9 сурет. Ұлттық орталық жұмысымен және құнды кітаптар көрмесімен таныстыру сәті

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Городище Сыгнак. Мавзолеи». К. М. Байпаков, С. Ш. Акылбек, Д. А. Воякин, С. Ж. Жолдасбаев. (Институт археологии им. А. Х. Маргулана, Алматы, Казахстан). -2014.
2. Кастанье И.А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 513 с.
3. Жолдасбаев С. Ақтас мешіті // «Сыр елі». Қызылорда облысы: Энциклопедия / Бас редактор Б.Ғ. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. – 544 б.
4. З. Айқожа ишан және ишандардың қазақ даласындағы орны // Сыр бойы. – 2008. - 11 қазан.
5. Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. – Алматы: Аруна, 2011. – 504 б.
6. Байтенов Э. Мавзолей Корасан-ата // Свод памятников истории и культуры Республики Казахстан. Кызылординская область. – Алматы: Аруна, 2007. – 376 с.
7. Уайсова А. «Айқожа ишан: әулеттің асыл мұрасы», - Алматы, 2023. – 420 б.

Резюме. В статье рассказывается о святых местах Жанакорганского района Кызылординской области, а также о деятельности и истории Айқожи Ишана Темирулы по развитию ислама в этом регионе и мероприятиях, проведенных в рамках празднования его 250-летия.

Summary. The article talks about the holy places of the Zhanakorgan district of the Kyzylorda region, as well as the activities and history of Aikozhi Ishan Temirula on the development of Islam in this region and the events held in celebration of his 250th anniversary.





Баймағамбетова Анар Романқызы

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы, Есепке алу, сақтау, көрме және оқу залдарының жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы

ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫНЫҢ ЖАЗБА МҰРАСЫ ТАРАЗ, ПАВЛОДАР Өңірлерінде

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі 2023 жылдың 28 қыркүйегінде Жамбыл облысы Тараз қаласындағы М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Дулатитану және өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Ұлы дала руханияты: Ғұламалар үндестігі» тақырыбында өткен дөңгелек үстел аясында «Түркі халықтарының орта ғасырдағы жазба тарихы» көрмесін өткізді.

Дөңгелек үстел модераторы «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы, профессор Сейдехан Бахторазов іс-шараға елорда төрінен орын алған Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығынан арнайы Қарахан дәуірінен бастау алған Түркі халықтарының бай мұрасы болып табылатын тарихи жазба мұралардан тұратын қолжазбалар көрмесі ұйымдастырылғанын, сондай-ақ баяндамалардың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, бүгінде ғылымға бет алған студенттердің талпынысының жоғары екенін атап өтті. Алғашқы болып сөз алған университеттің Ғылым және цифрландыру

жөніндегі проректоры Сейітжан Орынбаев: Ерте замандағы білім ошақтары, тарихи қалалар, медреселер, Қарахан мемлекеті тұсындағы биліктің саяси, әскери жетістіктері бәрі де тарихтың құнды деректері екенін, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Мұхаммед Хайдар Дулати сынды тарихи тұлғалардың еңбегі құнды қазына екенін айрықша атап өтті.

Осы орайда ұлттық орталықтың ашылу тарихы мен бөлімдеріне бүгінгі күнге дейінгі атқарған жұмыстарына тоқталып, бейнеролик көрсетілді. Іс-шараға қатысушыларға көрменің негізгі мақсаты халықтың рухани байлығының қайнар көзіне айналған жазба жәдігерлер тарихи оқиғалардың кезеңделуіне мүмкіндік беріп қана қоймай, халықтың байырғыдан келе жатқан салт-санасы мен дүниетанымын және руханиятын көрсететін негіз екені айтылды. Шараның мақсаты – жас ұрпақты қазақ халқының жүріп өткен тарихымен таныстырып, Отанына деген сенімін және патриоттық сезімін арттыру.

Көрме руникалық графикамен көне түркі тілінде жазылған, тек алғашқы зерттеулер мен жарияланымдар дат түркологы Вильгельм Томсенге тиесілі екені, бірқатар ғалымдардың пікірінше, кітап болжам немесе арман кітабы

бүгінде қолжазба Британ мұражайында (Лондон) сақталған, шамамен IX ғасырдағы Дунхуан үңгірінен табылған «Ырық бітік» қолжазбасынан бастау алды. Сопылық әдебиеттің ірі өкілі, кемеңгер ақын әрі ойшыл, философ Қожа Ахмет Йасауидің адамгершілік, имандылық, әділдік, инабаттылық тәрізді күрделі мәселелерді жырлауға арналған «Диуани хикмет» туындысы.

Сондай-ақ, Қарахан мемлекеті тұсында жазылған Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» дастаны. Көне түрік тілінде жазылған, түркі тектес халықтардың ортақ қазынасына айналған мемлекетті басқару қағидалары мен принциптерін, елге билік жүргізудің ережелері мен тәртібін, қоғам мүшелерінің мінез-құлық және әдеп-ғұрып нормаларын жыр еткен, бүгінде үш нұсқасының Наманган, Вена, Мысырдың үлкен кітапханаларының қорында сақталғаны, этикалық-дидактикалық мазмұны айтылды.

Түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей тілдік, әдеби, тарихи, этнографиялық, тұрғыдан мейлінше бай ортақ асыл қазына, екі жүзден астам өлең, үш жүзге тарта мақал-мәтелдер, толып жатқан қанатты сөздер, көркем теңеулер т.б. енген Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасы, «Архив-2025» жобасы аясында Түркия мемлекеті Ыстамбұл қаласындағы Сүлимания кітапханасының ұлттық орталық қорынан сыйға берген Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фарабидің музыка саласына кіріспе қолжазбасы, «Китабул Мадхал ила Санаи әл Мусика» және әлеуметтануға қатысты философиялық ойлары, араб графикасымен жазылған «Таквим ас Сияса» (Саяси күнделігі) қолжазбалары да көрмеден орын алды.

Бүгінде Францияның Париж қаласының Ұлттық кітапханасында сақталған Құтбтың қыпшақ-оғыз аралас тілінде жазылған «Хұсрау-Шырын» дастаны. Дастанда екі жас Хұсрау мен Шырын арасындағы шынайы махаббат, сұлулық пен ақылдылықты жыр етумен қатар, Алтын Орда дәуіріндегі қыпшақтар мен оғыздардың өмірі, мал шаруашылығы мен аңшылық жайлы мол деректер берілген.

Алтын Орда әдебиетінің XIV ғасырдағы



1 сурет. Көрмеге қойылған кітаптар.

аса көрнекті өкілдерінің бірі лирик, эпик ақын, жазушы және аудармашы ретінде түркі тектес халықтардың әдебиеті мен тілінің өзінен кейінгі кезендерде дами түсуіне мол үлес қосып, едәуір ықпал еткен қаламгер Сайф Сарайдың қоғамдағы ел билеушілер, халық бұқарасы, қанағат пен ынсап, тілге сақ болудың пайдасы, жігіттік шақтың пайдасы, кәрілік, тәлім-тәрбиенің әсері жайында айтылған жеті тараудан тұратын «Гүлстан бит-турк» шығармасы да таныстырылды.

Көрме таныстырылымынан кейін «Философия» кафедрасының меңгерушісі Дина Кульбаеваның «Әл-Фараби және Абай шығармаларындағы пікір сабақтастығы» тақырыбындағы баяндамасында Әл-Фарабидың еңбектеріндегі негізгі ойға тоқталды. Ғалымның 1150 жылдығын атап өткен тұста біршама құнды мұралары табылып, деректі фильм түсірілгені «Қайырымды қала тұрғындары» шығармасындағы ой-тұжырымдары бүгінгі күнде өзекті мәселе екені, адам қоғамның мүшесі болғандықтан, сол қоғамға пайдасын

тигізіп, адалдық, қайырымдылық қасиеттерін ұстану керектігі, сонда ғана әр адам бақытқа жетеді,- деп Дина Дүйсебайқызы өз ойын жеткізді.

«Қарахан мемлекеті тұсындағы Жүсіп Баласағұнның пәлсапасы» тақырыбында баяндама жасаған «Тарих» кафедрасының магистрі Ақнұр Көбесова Баласағұн еңбектеріндегі құнды деректермен бөлісті. «Ғұлама ғалым өз еңбегінде мемлекет пен патшаның, бек пен бидің халықпен қарым-қатынасы қандай болу керектігін айтады. Сондай-ақ, отбасында үйлесімді өмір сүру жайында ой қозғайды. Ол өз еңбегінде: «Ай маңдай ұл, қыз өссе қолыңда, үйінде өсір бөтен жерге қондырма» дейді. Бұл да біздің ұлтымыздың бала тәрбиесіндегі ұстаныммен үндес келеді, - деді баяндамашы.

Сирек кітаптарды таныстырып, құнды еңбектердің мазмұнын ашқан жиын «Тарих» мамандығында оқитын студенттердің баяндамасымен жалғасты.

«Құтты білік» жазбасының мәдени мәні орасан зор. X-XI ғасырларда араб-парсы Орта Азиядағы түркі тайпаларының тілін жұтып қоюға дейін барып тұрғанда, Жүсіп Баласағұнның түркі тілінде көлемді де күрделі дастан жазуы өз кезеңі үшін үлкен тарихи жаңалық болды. Дастанның көркемдік ерекшеліктері айтарлықтай биік болмаса да, осы тарихи қызметі жағынан жазба биік бағаланды. Ұлттық орталық қорындағы Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанының бір дана көшірмесі «Дулатитану және Өңір тарихы» ғылыми-зерттеу орталығындағы Баласағұн мұражайына сыйға тарту етілді.

Сонымен қатар, 23-24 қазан аралығында Өлкей Марғұлан атындағы тарихы терең кара шаңырақ Павлодар педагогикалық университетінде Республика күніне орай Тарих апталығының салтанатты ашылуына арнайы шақырту алып ұлттық орталық атынан Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің ғылыми жетекшісі Г.А. Бисенова екеуіміз қатыстық. Жиынға қатысушылардың қатарында т.ғ.к., доцент, гуманитарлық ғылымдар жоғары

мектебінің деканы Анар Кәрімова мен т.ғ.д., гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің профессоры Гүлфира Өтепова, Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейінің өлке тарихын зерттеуді қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Гүлжайнат Әлиева және Павлодар облысы мемлекеттік мұрағаты басшысының орынбасары Надежда Кубик қатысып, барша қатысушыларды, ғылыми орта мен студенттер қауымын Тарих апталығының ашылуымен, Республика күнімен құттықтады.

Павлодар облысы мемлекеттік мұрағаты басшысының орынбасары Надежда Кубик Е.Бекмаханов атындағы ғылыми кітапханаға, Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қорына «Павлодар Ертіс өңіріндегі 1930-1950 жылдардағы поляктар мен поляк азаматтары» құжаттар мен материалдар жинағын сыйға тарту етті.

Іс-шараның салтанатты ашылу барысында ұлттық орталық қызметкерлері жиналған ғылыми орта мен студенттер қауымын ұлттық орталықтың ашылу тарихымен, әрбір бөлімнің қызыметімен, орталықтың негізгі мақсатын қысқаша айтып, орталықтың бүгінгі тыныс-тіршілігі туралы арнайы дайындаған бейнероликті назарларына ұсынды.

Ұлттық орталықтың жетекші сарапшысы Гүлсім Бисенова халқымыздың рухани қазынасы болып табылатын құнды қолжазбалар қойылған “Ұлы дала тарихының жазба мұралары” атты көрме мазмұнымен, сонымен қатар көрмеге қазақ даласына қатысты XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеу үшін тарихи және деректі материалдардың маңызы зор статистикалық шолулар (Ақмола, Жетісу, Семипалатинск, Торғай, Урал уездері бойынша) мен қатар «Ресей империясының заңдар жинағы» атты сирек кітаптардың мазмұнымен таныстырып, көпшілік назарына ұсынды.

Іс-шара соңында “Тарих” білім беру бағдарламасының жетекшісі Бауыржан Әбдірахманов Тарих апталығының жұмысына қолдау көрсеткен әріптестері мен ұлттық орталық қызметкерлеріне өз ризашылығын білдіре отырып, Алғыс хаттар табыстады.



**Аширбекова
Бакша Айтпаевна**

Главный эксперт отдела консервации и реставрации Национального центра рукописей и редких книг

ОБ УЧАСТИИ НА VII МЕЖДИСЦИПЛИНАРНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ «КНИЖНЫЕ ПАМЯТНИКИ В АСПЕКТЕ СОХРАННОСТИ»

25-27 октября в г. Москва состоялась VII Междисциплинарная научно-практическая конференция «Книжные памятники в аспекте сохранности», организованная Министерством культуры РФ «Всероссийская государственная библиотека иностранной литературы имени М.И. Рудомино», Центр редкой книги и коллекций, Центр консервации и реставрации документов, в которой приняла участие главный эксперт РГУ «Национальный центр рукописей и редких книг» Аширбекова Бакша.

Цель конференции - организация профессионального диалога специалистов, работающих с библиотечными фондами в контексте современных тенденций развития российских и мировых методик, материалов и технологий.

В работе конференции приняли участие реставраторы, специалисты библиотек, музеев и архивов из Астаны, Алматы, Казахстан, Минск, Беларусь, Чандигарх, Индия, Санкт-Петербурга, Махачкалы, Иваново, Рязань, Ростов-на-Дону, Волгоград и других городов России.

На торжественном открытии конференции генеральный директор Библиотеки иностранной

литературы Кузьмин Павел Леонидович зачитал приветствие заместителя министра культуры Российской Федерации Преподобной Надежды Александровны.

В заседании на тему «Консервация и реставрация документов» Аширбекова Бакша выступила с докладом «Обучение реставрации в Исламской Республике Иран».

Для участников конференции были организованы открытые практикумы и научно-методические семинары.

Так, особый интерес вызвал у участников мастер-класс по шитью исламского каптала узора Шеврон в традиционных манускриптах Гурмукхи господина Сурджит Сингх из Благотворительной Организации по сохранению печатного и рукописного наследия, в первую очередь священных текстов сикхской традиции.

В рамках практикума ведущая Белякова Ирина Сергеевна, художник-реставратор высшей категории «Всероссийский художественный научно-реставрационный центр имени И.Э. Грабаря», руководитель секции архивных, библиотечных материалов и произведений графики Аттестационной комиссии

Министерства культуры РФ, представила состав и структуру музейного паспарту, а также продемонстрировала технологию его изготовления на научно-методическом семинаре «Экспонирование произведений графики: изготовление музейного паспарту».

В рамках проведения конференции была организована экскурсия в «Государственный исторический музей», в котором посетили отдел письменных источников и отдел рукописей и старопечатных книг.

Отдел письменных источников один из самых больших фондовых отделов Исторического музея. В его собрании хранится около 15 млн. листов уникальных документальных памятников по истории России XVI - XX вв. Особенность этих материалов состоит в том, что они одновременно являются составной

частью архивного фонда и музейного фонда Российской Федерации.

Отдел рукописей и старопечатных книг является одним из крупнейших отечественных хранилищ памятников письменной культуры. Более чем за столетие в нем собрано больше 32 тысяч письменных источников: греческие папирусы начало I тыс. н.э., первые берестяные грамоты, найденные в Новгороде в 1951-1961 гг., редчайшие собрание греческих рукописей VI-XVII вв., славянские рукописи XI-XX вв., среди которых - древнейшие пергаменные кодексы, Лицевой летописный свод Ивана Грозного, грамоты высших церковных иерархов XVII в., монастырские свитки, рукописи и книги кирилловской печати традиционной книжной культуры допетровского времени и старообрядческой традиции.





Жақан Назерке Қанатқызы

«Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің аға сарапшысы, Гуманитарлық ғылымдар магистрі

«ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНАН ӘКЕЛІНГЕН ҚҰЖАТТАР БОЙЫНША»

Ағымдағы жылдың 23 қараша күні Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ «Қазақ тарихы парсы және араб деректері негізінде» («Архив-2025» жобасы негізінде Иран Ислам Республикасынан әкелінген құжаттар бойынша) атты ғылыми-танымдық тақырыпта дөңгелек үстел өткізді. Кеш қонақтары ретінде Қазақстандағы Иран Ислам Республикасы елшісінің кеңесшісі және мәдени өкілдігінің басшысы Али Акбар Талеби Матин мырза, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің ғалым-профессорлары, Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы және басқа да мекемелердің парсы, араб тілдерінің мамандары, Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының өкілдері, докторанттар мен магистранттар, сондай-ақ, студенттер қатысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әрбір халық өзінің арғы-бергі тарихын өзі жазуы керек. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыртуға

мүмкіндік береді», – деген сөзі біздің тарихи сананы жаңғыртудағы негізгі ұстанымымыз болуы керек. Осы тұста Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы № 953 қаулысымен «Архив – 2025» жобасын іске асыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары бекітілді. Бұл жоспар шеңберінде архив ісін қолдау және дамыту бойынша жан-жақты шаралар қарастырылған. Соның негізгі бағытының бірі – отандық және шетелдік архивтерден, музейлерден, кітапханалардан және ғылыми орталықтардан Қазақстан тарихы бойынша құжаттар мен материалдардың көшірмелерін анықтау және сатып алу бойынша ғылыми іздеу-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, оларды ғылыми айналымға енгізу болып табылады.

Ұлттық орталықтың ғылыми қызметкерлері «Архив-2025» жобасы негізінде Иран Ислам Республикасынан ортағасырлық Қазақстан тарихына қатысты маңызды құжаттарды әкеліп, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Дөңгелек үстел барысында іссапар аясында әкелінген құжаттар мен реставрация саласындағы мәселелер туралы айтылды.



1 сурет. Дөңгелек үстелге қатысушылар

Қазақстандағы Иран Ислам Республикасы елшісінің кеңесшісі және мәдени өкілдігінің басшысы Али Акбар Талеби Матин мырза Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығымен алдағы уақытта іскерлік байланысты одан әрі дамытатындығын айтып өтті.

Іс-шара барысында «Архив-2025» жобасы аясында әкелінген 11 қолжазба көрмеге қойылды. Иран Ислам Республикасының Тегеран қаласы Мәлік кітапханасынан және Мешхед қаласы Астан Кудс Разави кітапханасынан әкелінген қолжазбаларына тоқталсақ:

Абу Райхан Бирунидің «Истияб» шығармасы. Автор Әл-Бируни 973-1048 жж. Қараханидтер мемлекетіндегі Хорезмде, Кят қаласында дүниеге келген. Әл Бируни энциклопедист ғалым болған. Ол әртүрлі ғылымдардың, соның ішінде: тарих, география, араб филологиясы, математика, механика, геология және басқа ғылымдардың маманы болды. Бирунидің өзі құрастырған шығармаларының тізімінде жүзден астам атаумен еңбектер жазылған. Бұл жұмыс астрономия мен математикаға қатысты. Жазу тілі: араб тілінде.

Әбу Әли Хусейн ибн Абдулла ибн әл-Хасан ибн Әли ибн Синаның «Арджуза фи Тибб» шығармасы. Автор Батыста Авиценна деген атпен белгілі, (980-1037жж) ортағасырлық ғалым, философ және дәрігер, шығыс аристотелизмінің өкілі. Ол Қарахан әмірлері мен Дейләм сұлтандарының сарай дәрігері болған, біраз уақыт Хамаданда уәзір болды. Жалпы, ол ғылымның 29 саласы бойынша 450-ден

астам еңбек жазған, соның ішінде бізге жеткен «Арджуза фи Тибб» (Емдеу туралы өлеңдер). Жазу тілі: араб тілінде.

Хасанбек Румлудың «Ахсан ат Таварих» шығармасы. Хасанбек Румлу – Ирандағы Сефевидтер әулеті дәуірінің әйгілі тарихшыларының бірі. Кітап Иран мен көршілес елдердің тарихына арналған болатын. Кітапта Дешті-Қыпшақ пен Қазақ хандығының тарихына қатысты құнды деректер жинақталған, әсіресе, қазақ хандарының шежіресіне қатысты құнды деректер берілген.

Чагнини Хорезмидің «Конунча» шығармасы (XIV ғғ). Автор Алтын Орда мемлекетінде өмір сүрген. Жошы Ұлысының құрамында болған Хорезмде дүниеге келген. Кітап медицинаның негізгі принциптеріне арналған. Бұл кітап Алтын Ордадағы медицинаның қаншалықты дамығанын айғақтайды.

Құран Кәрім VII ғ. Көшіруші: Хасан ибн Али ибн Аби Талиб (а) Алла Елшісінің немересінің қолымен жазылған бұл Құран Кәрім кітабы бүгінгі күнге дейін жеткен ең алғашқы Құран кітабының бірі болып табылады. Кітап алтынмен безендірілген, ескі куфи каллиграфиясымен жазылған, кітаптың біз үшін тарихи және мәдени құндылығы өте жоғары. Жазу тілі: араб тілінде.

Казвини Хамдаллах Мұстауфи «Нұзхат әл құлаб» «Жүректер рахаты» шығармасы (географиялық эссе). Мұстауфи (тарихшы, географ; 1281/1282/-1349/1350/. Ортағасырлық тарихшы, Хулагуидтер дәуірінің географы және ақыны. «Тарих-и-Гузида» (Таңдамалы Тарих) тарихи еңбегінің авторы ретінде белгілі. Кітапта Орталық Азияның тарихы мен географиясы туралы құнды мәліметтер берілген. Қолжазба XIV ғ. Н.П.Румянцевтың жинағы. Парсы тілінде жазылған.

Искандер бек Муншидың «Алам Арай Абаси» шығармасы XVII ғғ. Мунши тарихшы, падшалар Мұхаммед Худабенд пен Аббас I тұсындағы Сефевидтер әулетінің сарай тарихнамасының ірі өкілі. Сефевидтер мемлекетінің тарихына арналған «Тарих-и алам ара-йи Аббаси» («Әлемнің безендірушісі Аббастың тарихы») атты үлкен еңбектің авторы. Кітап авторы Шибанидтер мен Сефевидтер арасындағы

қарым-қатынас туралы ақпарат береді. Қазақ хандығы туралы құнды деректер жинақталған.

«Тибьян фи Тафсир аль Куран би тюрки» шығармасы. Еңбекті XVI ғасырда аты белгісіз автор жазған. Толық түркі тіліндегі Құран тафсирі. Кітаптың біз үшін тарихи маңызы зор. Қолжазбаның құндылығы – бұл Құран Кәрімге жазылған алғашқы түркі тіліндегі түсініктеме болып табылады. Кітап түркі тілінде (шағатай тілінде) жазылған.

«Фарханге фарси ва турки» – құнды түрік-парсы сөздігі (XVIII ғғ.). Сөздікте шағатай, оғыз-қыпшақ сөздері мен диалектілері көптеп кездеседі. Сөздік шағатай тілін зерттейтін мамандарға арналған. Бұл сөздік Орта Азиядағы шағатай ақындарының өлеңдеріне де сөздік ретінде қолданылады.

Науруз Ваиз Бастамидың (XVIII ғ.) «Фердаус ат Таварих» шығармасы.

Кітапта Хорасан, Ауғанстан және Орталық Азия елдерінің XVI-XVIII ғасырлардағы тарихы қамтылған. Кітап Орталық Азия мен Хорасан тарихын зерттеушілер үшін үлкен қызығушылық тудырады.

Закария Разидың «Муфидуль Хас фи ильм аль Хавас» шығармасы медицина туралы



2 сурет. «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы қорындағы қазақ тарихына қатысты парсы деректері» атты көрме

(IX-X ғғ.). Кітапта ауылшаруашылығында зиянды жәндіктермен күресу, өсімдіктер мен жемістердің пайдасы туралы жүйелі зерттеулер бар. Бұл қолжазба екі бөліктен тұрады, бірінші бөлігі жоғалған, ал екінші бөлігінің көшірмелері сақталған. Ағаш отырғызудың және егудің әртүрлі әдістерін талқылайды. Сонымен қатар, кейбір дәрілік шөптердің, жемістер мен көкөністердің емдік қасиеттерін, сондай-ақ жылан, шаян және басқа да жәндіктер шаққан кезде емдеу әдістерін қарастырады.





Шоманова Аида Мұратқызы

Қазақстан Республикасының ұлттық кітапханасы қалпына келтіру, консервация және түптеу қызметінің басшысы

АСПЕКТЫ СОХРАННОСТИ И РЕСТАВРАЦИИ РЕДКИХ КНИГ И РУКОПИСЕЙ В НАЦИОНАЛЬНОЙ БИБЛИОТЕКЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Аннотация: В статье представлена информация о консервации и реставрации рукописи, находящейся в Службе редких книг и рукописей Национальной библиотеки Республики Казахстан, дано описание работ по ее восстановлению.

Ключевые слова: Рукописи, сохранность и консервация, восточные переплеты, реставрация и восстановление.

Национальная библиотека Республики Казахстан – это главная и старейшая библиотека, имеющая вековую историю, это ведущий информационный и образовательный центр страны, деятельность которого направлена на сохранение и приумножение информационного потенциала республики. Фонд библиотеки обладает ценнейшими письменными памятниками национальной и мировой культуры. Книжный фонд составляет более 7 млн. ед. хр. на 122 языках народов мира на различных носителях. Фонд редких книг и рукописей насчитывает около 40 тыс. документов.

Так как письменное наследие является национальным достоянием и имеет большое значение для изучения истории, культуры и цивилизации каждого народа и оно как устойчивое культурное явление имеет большую роль для хранения и передачи исторической

памяти от одного поколения другому. Поэтому одной из приоритетных задач деятельности Национальной библиотеки Республики Казахстан является собрание и обеспечение физической сохранности библиотечных фондов, особое внимание в этом плане уделяется сохранению рукописных и редких документов.

Рукописи считаются бесценными, драгоценными сокровищами, поскольку они раскрывают знания более ранних ученых и их усилия в различных науках; они включают рассуждения, анализы, сборники, сочинения, переводы и т.д. Рукопись – это невероятно ценный артефакт, который проливает свет на духовную и культурную жизнь народа. Поэтому этот культурный феномен должен бережно сохраняться и изучаться. Бесценность отдельных письменных памятников состоит в том, что многие из этих памятников служат первоисточниками для научно-

исследовательской работы, издания трудов и имеют особое значение для изучения истории и культуры прошлых веков.

Жемчужинами нашей библиотеки являются Коран XII века, это рукопись куфического письма, одна из древних священных книг Средней Азии и уникальные рукописи, такие как, «Хамса» - рукопись Низами Гянджеви 1488 г. написания; рукописная родословная «Насаб-нама», написанная по хиджре в 1099 г. (1687-1688 гг. современного исчисления), содержащая сведения о предках великого мыслителя-гуманиста, поэта, философа Ходжи Ахмета Яссауи. В фонде нашей библиотеки имеются свыше 500 рукописных книг на персидском, арабском, чагатайском, старославянском, корейском языках. Ценным пополнением библиотеки являются также рукописные труды «Нисаб ас-сибян» Абунасра Фарохи, неожиданно обнаружилось, что он содержит 9 отдельных, самостоятельных книг, каждая из которых представляет раритет и имеет особое значение. В сборнике были обнаружены бесценные трактаты по религии и литературе. В том числе находилась рукопись «Тухфат ул-Ахрар (Подарок Ходжа Ахрару)» великого персидско-таджикского поэта и мыслителя XV века Мавлана Нуриддина Абдуррахмана Джами. Как выяснилось позже кодикологами, эта рукопись является самой древней из сохранившихся книг Абдуррахмана Джами. Рукопись была переписана, возможно, ещё при жизни поэта по его поручению. Также в фонде Национальной библиотеки РК находятся ещё 2 древнейшие рукописи «Нафахат ал-унс» Абдуррахмана Джами и книга Амира Хусрава Дехлеви, а также комментарий к поэме «Гулистан» Саади.

Обеспечение сохранности книжных памятников, неизменность их физического состояния во времени, то есть своевременное проведение профилактических, стабилизационных и реставрационных мер является главной задачей Службы реставрации, консервации и переплета.

Известно, что на состояние книжных материалов влияют температура, влажность воздуха, освещенность, наличие в воздухе

механических и газообразных примесей, зараженность книгохранилищ биологическими вредителями и микроорганизмами. Поэтому, в первую очередь проводятся превентивные меры сохранности документов: это мониторинг температурно-влажностного и светового, а также санитарно-гигиенического режимов хранения. Автоматическая система контроля температурно-влажностного режима установлена в фонде редких книг и рукописей, а также в отделе основного книгохранения, который содержит такие разделы, как казахстаника, систематика, фонд иностранной литературы, периодика и др.

В НБРК хранятся документы в восточных мусульманских переплетах, отличительной чертой которых является продолжение левой крышки в виде клапана, состоящего из двух частей. Клапан защищает наружные края листов и способствует лучшей сохранности книги. По материалу и декоративному убранству клапан почти полностью совпадает с крышкой переплета. Попадаются рукописи с поврежденным или утраченным клапаном. Обычно переплет мусульманской рукописной книги был ремесленным изделием высокого качества и художественного оформления. Внешний вид переплета зависит от качества кожи и окраски. Чаще преобладают коричневые и красные тона разных оттенков, реже встречаются светлые, желтые, зеленые и черные. Почти у каждого переплета обе крышки и клапан обрамляются по краям. Дополнительным украшением может служить оттиск штампа по четырем углам внутри рамки. Посередине и по углам поля, центральный орнамент имеет форму круга, миндалины или звезды. Каждая из этих фигур дает множество вариантов, особенно круг. Миндалевидный орнамент посреди прямоугольного поля крышки позднее вошел в употребление и приобрел массовость. Именно переплеты с миндалевидным медальоном послужили образцом для европейских переплетов эпохи Возрождения. Орнамент по четырем углам рамки нередко служит дополнением срединного орнамента и представляет обычно его уменьшенную и чуть видоизмененную четверть. Поверхность



Рис.1

клапана украшали почти в точности так, как крышку переплета. Ту часть переплета, которая соединяет левую крышку с клапаном и закрывает обрез книги, также украшали. Иногда ограничивались рамкой, чаще дополняли небольшим орнаментом в центре. Внутреннюю сторону крышки обычно заклеивали бумагой, на которой потом появились записи владельцев и читателей. Иногда ее также обтягивали кожей, на которую наносили тисненый узор. Совсем редко ее орнаментировали, более скромно, чем снаружи.

В реставрационной практике существуют классические методы и способы обработки документов. Но поскольку абсолютно одинаковых документов не бывает, нет и универсальных методов реставрации, пригодных для всех случаев. На этом основан принцип дифференцированного подхода к реставрации документов. В каждом случае реставратор находит приемлемые пути восстановления поврежденного документа. Предъявляемые требования к реставрации документов зависят от количества имеющихся в фонде экземпляров, ценности издания, степени повреждения и т.д.

Теперь мне бы хотелось представить Вашему вниманию, работу над рукописью религиозных написаний сур из Корана Якуба ибн Усмана Шарқи. 111 стр., по хижре 1263 год. Запись на колофонах: на арабском и чагатайском языках «Якуб Шарқи» 1787 год апрель.

Рукопись поступила в Службу консервации, реставрации и переплета на плановую




Рис.2

реставрацию. Книжный блок рукописи в удовлетворительном состоянии, необходимо укрепить первую тетрадь, книжного блока. На первых и последних страницах блока имеются небольшие утраты. Стр № 15 наполовину отсутствует. Первая страница рукописи сверху левого края была склеена клеем неизвестного происхождения.

Переплет рукописи из кожи с тиснением сохранился хорошо, есть утраты на углах переплетных крышек.

Рис.3

Крышки, как правило, сделаны из картона. Их размер точно соответствует размеру книжного блока. С внутренней стороны обеих крышек сохранились надписи.

Корешок рукописи плоский и глухой, без отставов, что характерно для исламских переплетов. Корешок рукописи полностью отсутствует. Капталы рукописи пришиты сквозь защитный материал корешка через середину каждой тетради, рисунок плетения – в «елочку» лежит горизонтально на обрезе.

На обрезках книжного блока видны следы отделки под цвет переплетных крышек.

На реставрационном совете было принято решение по реставрационным работам данной рукописи. После первичного визуального осмотра была проведена фотофиксация документа до реставрации, со всеми выявленными особенностями.

Были проведены следующие процессы:

1. Дезинсекционные и дезинфекционные работы.
2. Определение pH документа.
3. Тонирование японской шелковки по цвету, которую использовали для закрепления разрывов и укрепления полей.
4. Приготовление и использование клея с рисовым крахмалом.
5. Реставрация корешка.
6. Реставрация уголков переплетных крышек (укрепление бумажной массой и реставрация японской бумагой).
7. Шитье первой тетрадки книжного блока.

В процессе работы был использован метод отдаленного увлажнения, тонировка, сушка, прессовка и т.д. Очистили и обработали загрязненные и поврежденные листы. С помощью ручки-тестера pH, путем нанесения метки на несколько листов, был определен pH, который показал цвет загара, что говорит о нормальном состоянии бумаги, соответственно в работе не использовали спрей Bookkeeper. Реставрацию листов производили с помощью тонированной японской бумаги плотностью 22 г/м². Далее была произведена чистка от старого клея, и новый корешок выполнили из подобранной в цвет телячьей кожи. Места утраченных частей уголков переплетных крышек восстановили с помощью японской бумаги плотностью 46 г/м². Отреставрированные уголки затонировали в цвет переплетной крышки.

Таким образом, в результате реставрационных мероприятий было предотвращено дальнейшее разрушение переплетных крышек и листов рукописи. Данная рукопись была передана в Службу редких книг

и рукописей для дальнейшего ее исследования и экспонирования.

Одним из эффективных способов консервации и обеспечения доступа к документальному наследию является использование таких современных информационных технологий как оцифрование документов. Оцифрован большой объем документального наследия и на сайте библиотеки в режиме on-line и off-line размещены полнотекстовые базы данных рукописей и редких книг – это еще один из способов обеспечения открытого доступа к рукописным и редким фондам библиотеки.

Исследователи различных стран мира единодушно и справедливо отмечают, что одни только методы консервации и реставрации не решат и не могут решить всех трудностей, связанных с сохранностью книг. Сохранность библиотечного фонда в основном зависит от общепрофессиональной культуры всего библиотечного персонала, соблюдении всех требований и норм хранения документов. Гарантией сохранности фондов является сознательное отношение к библиотечному фонду, как к общественному достоянию, которое необходимо сохранить для будущих поколений.

Необходимо понимать, что профилактика лучше всякого лечения, и никакие, даже самые совершенные технологии не смогут сохранить фонды библиотек, если не будут обеспечены надлежащие условия хранения и правила бережного обращения с документами. Экология внутренней среды книгохранилищ является важным условием обеспечения сохранности памятников культуры и истории.

Түйіндеме: Мақалада Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қызметінде орналасқан қолжазбаларды консервациялау және қалпына келтіру туралы мәліметтер беріліп, оны қалпына келтіру жұмыстары сипатталған.

Summary: The article presents information on the conservation and restoration of manuscripts received by the Periodical Books and Manuscripts Service of the Library of the National Republic of Kazakhstan, with a description of the work on its restoration.





Ботабеков Сырым Сайлауұлы

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы, Реставрация және консервация бөлімінің басшысы

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАЗБА МҰРАЛАРДЫҢ РЕСТАВРАЦИЯСЫ ЖӘНЕ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» СЕМИНАРЫ ЖАЙЛЫ

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы 2023 жылдың 5 желтоқсан күні «Қазақстандағы жазба мұралардың реставрациясы және сақтау мәселелері» III республикалық ғылыми-тәжірибелік семинарын өткізді. Осымен үшінші рет ұйымдастырылып отырған семинарға Алматы, Астана және Түркістан қалаларынан барлығы 24 маман қатысты. Баяндамашылар маңызды тақырыптар төңірегінде сөз қозғап, өз тәжірибелерімен бөлісіп отырды. Орталықтың директоры, PhD докторы Жандос Болдыков өзінің алғысөзінде Қазақстанда реставрация саласын дамытудың маңыздылығын айта келе, қатысушыларға осы семинардың сала мамандарының басын қосып, олардың біліктілігін арттыруға бағытталған республика көлеміндегі жалғыз іс-шара екендігін жеткізді. Ағымдағы жылы орталық мамандарының Кенесары Ханның Құранын реставрациядан өткізгені еліміздің барша реставраторлары үшін үлкен жетістік деп санайтынын, ол мамандардың деңгейінің жоғарылағанын білдіретінін қуанышпен жеткізді. Сонымен қатар, Ұлттық орталықтың басшысы ретінде семинардың жалғаса беруіне

аса назар аударатынын және келесі жылы Халықаралық көлемдегі алдыңғы қатарлы мамандарды қатыстыруға күш салатынын атап өтті. Сөзінің соңында қатысушыларға сәттілік тілеп, семинардың жемісті өтуіне тілектес екендігін білдірді.

Семинардың бірінші баяндамашысы ретінде, Ұлттық орталықтың реставрация және консервация бөлімінің басшысы Сырым Ботабеков Кенесары Хан Құранының реставрациясы бойынша айтып, жұмыс барысы жайлы презентация көрсетті. Жұмыс барысында қоданылған тәсілдер, арнайы материалдар мен кездескен қиындықтар семинар қатысушыларының ерекше қызығушылығына ие болды. Ол сирек қолжазба және қазақтың соңғы ханының кітабы болғандықтан елді елең еткізіп, ерекше назарын аудартқаны сөзсіз. Іс-шара қатысушылары баяндаманы мұқият тыңдап, сұрақтарын қойып, өз ойларын жеткізіп жатты.

Баяндамашылар арасында арнайы келіп қатыса алмаса да, өз бейнебаяндамасын жолдаған Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында орналасқан Ресей мемлекеттік

кітапханасының химик-микробиолог маманы Алексей Кашеев табиғи және техногендік апаттан кейінгі құжаттарға көмек көрсету жайлы айтты. Баяндама барысында су тасқыны немесе жылу батареялары жарылған жағдайда жазба мұраларды құтқару жолдары жайлы айтып, құжаттарды көп көлемде қалай дұрыс кептіру жолдарын көрсетіп өтті. Сонымен қатар, көп кітапханалар мен архивтердегі техногендік немесе табиғи апаттардың алдын алуда мамандар тарапынан орын алатын ең басты қателіктерді тізбектей кетті.

Келесі болып сөз алған Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасы ұлттық кітапханасының реставрация және консервация қызметінің басшысы Аида Шоманова кітапхананың қолжазбалар мен сирек кітаптарды сақтауға бағытталған шараларын айтып өтті. Қазіргі таңда Ұлттық кітапхана мамандарының біліктілігін арттыру және жаңа технологиялар енгізу бойынша біршама жетістіктері бар екен. Сонымен қатар, кітапхана басшылығы реставрация және консервация қызметін жаңа жабдықтармен қамтуға да көңіл бөліп отырғанын айтты. Сөз соңында қызмет басшысы өз қарамағындағы мамандарының қолынан өткен бірнеше сақтау бірлігін қатысушылар назарына ұсынды.

Елордамыздағы соңғы үлгідегі реставрация жабдықтарымен жабдықталған мекеменің бірі – ол Астана қаласының мемлекеттік архиві болып табылады. Архивтің құжаттарды қалпына келтіру қызметінің басшысы Айгүл Бағдәулетова мамандардың соңғы үлгідегі техниканы меңгерудегі жетістіктері жайлы және жаңа техниканың беретін жаңа мүмкіндіктері

мен жұмыс сапасын көтерудегі маңыздылығы жайлы баяндады. Қатысушылар мекеменің реставрация және реставрациядан кейінгі процесстерді автоматтандыруға бағытталған талпыныстары жайлы презентациядан мәліметтер алып, өз ойларын ортаға салып жатты.

Реставрация саласында мамандардың біліктілігін арттырып отыру заман талабы болып табылады. Өкінішке орай, өз реставратор мамандарының біліктілігін арттыру кез-келген мекеменің қолынан келе бермейді. Өйткені ол үшін көп қаражат қажет. Осы бағыттағы Ұлттық музей атқарып отырған шаралары жайлы консервация және қалпына келтіру зертханасының меңгерушісі Дана Досаева баяндап өтті. Музей қызметкерлерінің арнайы грант ұтудағы талпыныстары мен арнайы жобалары жайлы ақпараттар тыңдармандар назарына ұсынылды. Нақты қадамдар көрсетіліп, қажетті құжаттар тізімі және оларды дұрыс толтыру үлгілері презентацияда баяндалды.

Семинардың тәжірибелік бөлімінде Орталық мамандары көне кітаптар реставрациясы және батырма (тиснение) түсіру жайлы мастер-класс көрсетті. Мастер-класс барысында семинар қатысушылары тізбектей тігу әдісімен кітап блогын тігіп, алтын түстес батырма түсіріп, сыртын түптеді. Сондай-ақ, көне қолжазбалар мен сирек кітаптарда көп кездесетін былғарыны ылғалдау арқылы батырма түсіру тәсілін үйренді.

Семинар соңында қатысушыларға сертификаттар мен алғыс хаттар табысталды.



«ULY DALA MURASY» ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ

2019 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығында тоқсан сайын «ULY DALA MURASY» атты ғылыми-танымдық журнал басылып шығады.

Мақалаларға қойылатын талаптар: «ULY DALA MURASY» ғылыми- танымдық журналының редакциясы әрбір нөмірінде шетелдік авторлардың мақалаларын, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ғылыми мақалаларды қабылдайды. Журналдың бір санына автордың тегімен (немесе қосалқы авторлықта) бірден артық емес қолжазба беру ғана қарастырылған. Барлық талаптарға сай рәсімделген мақалалар талқылауға қабылданады, редакциялық алқа қолжазбаны іріктеп жариялауға құқылы. Мақалаға автордың келісімінсіз (стилистикалық) шағын түзетулер енгізіледі, ал маңызды түзетулерді талап ететін мақалалар қайта қарау үшін авторға қайтарылады.

Автор (авторлар) журналға жариялау үшін ілеспе хат ұсынуға міндетті. (rarebooks.kz)

Мақаланы редакцияға жолдамас бұрын, ережемен таныс екеніңізге көз жеткізіңіз және ғылыми мақаланы жариялау үшін қойылатын талаптардың толық орындалуын ескеріңіз. (rarebooks.kz)

Мақала мазмұны үшін автор (авторлар) жауапты.

Мақаланы рәсімдеу ережесі: Электрондық нұсқада MS Word (кез келген нұсқада) форматында, Times New Roman, 14 қарпімен интервал – бір, шеті – 2 см., азатжол – 1,25 см.

- көлемі – 0,5 б.т. кем емес (7-8 компьютерлік парақша);
- бірінші парақтың үстіңгі сол жағында ЭОЖ индексі көрсетіледі;
- келесі жолдың оң жағында – автордың тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен қызметі, жұмыс орны;
- келесі жолда мақаланың атауы БАС әріппен жазылады;
- аңдатпа (аннотация) берілуі керек (180-200 сөз); қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде.
- түйінді сөздер. 10-ға дейін кілт сөздерді көрсету керек.
- екі интервал арқылы мақаланың мәтіні орналасады;
- әдебиеттер тізімі, ГОСТ 7.1-2003 талаптарына сай рәсімделеді (әдебиеттер тізімінде дереккөз бір рет беріледі, «Сонда» деген сілтеме қабылданбайды);
- сілтемелер мен нұсқамалар нөмірленген дереккөздерге тік жақшаларда дәйексөздердің соңынан беріледі (үлгі: [1,28 б.]);
- кестелер, формулалар, суреттер беруге рұқсат етіледі. Мақала мәтініне сурет және кесте астына жазылған жазумен бірге орналастырылады (үлгі: Сурет 1. Атауы; Кесте 1. Атауы);
- көрнекті материалдардың (сканерленген түрлі-түсті және ақ-қара графикалық суреттер, диаграммалар) көрінісі 300 dpi-ден кем емес, RGB түрлі-түсті, Gray ақ-қара түсті TIFF форматтарында электрондық тасымалдаушыларда жіберілуі қажет;
- мақала мәтіні автор тарапынан мұқият тексеріліп редакциялануы тиіс. Мақалаға автор туралы келесі қысқаша мәліметтер 3 тілде жазылуы керек. (қазақ, орыс, ағылшын)қоса тіркеледі: тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі мен қызметі, жұмыс орны, телефон нөмірі, e-mail.

Байланыстар: Астана қ., 010000, Нұржол желек жолы, 12 үй, «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ. Тел: (+7172) 769027; 8 705 5460545 E-mail: sirek.kitap@bk.ru, ulydalamurasy@mail.ru;

*С 2019 года в Национальном центре рукописей и редких книг
Министерства культуры и информации Республики Казахстан
ежеквартально выходит научный журнал «ULY DALA MURASY».*

Требования к статьям: Редакция научного журнала «ULY DALA MURASY» в каждом номере принимает статьи зарубежных авторов и научные статьи на казахском, русском, английском языках. В номер допускается подавать не более одной рукописи с фамилией автора (или в соавторстве). Статьи принимаются к рассмотрению при соответствии всем требованиям, редакционная коллегия оставляет за собой право отбора материалов для публикации. Небольшие исправления (стилистического или формального характера) вносятся в статью без согласования с автором, статьи, требующие серьезных исправлений возвращаются авторам на доработку.

Автор обязан представить сопроводительное письмо для публикации научной статьи в журнале. (rarebooks.kz)

Прежде чем отправить статьи в редакцию, убедитесь, что вы ознакомлены с положением и учитываете полное выполнение требований, предъявляемых к публикации научной статьи. (rarebooks.kz)

Ответственность за содержание статей несет автор (авторы).

Правила оформления статей: В электронном виде в формате MSWord (любая версия), Times New Roman, кегль – 14, интервал – одинарный, поля – 2 см., отступ строки абзаца – 1,25 см.

- объем - не менее 0,5 п.л. (7-8 компьютерных листов);
- на первой странице вверху по левому краю указывается индекс УДК;
- на следующей строке справа – инициалы и фамилия автора, ученая степень и должность, место работы;
- на строке ниже ПРОПИСНЫМИ буквами – название статьи;
- аннотация должна быть представлена (180-200 слов); на казахском, русском, английском языках.
- ключевые слова, должны указать до 10 ключевых слов.
- через двойной интервал располагается текст статьи;
- список литературы, оформленный в соответствии с ГОСТ 7.1-2003; (в списке литературы источник указывается один раз, не допускается указания «Там же»);
- сноски и ссылки на источники с нумерацией по мере упоминания даются в квадратных скобках после цитаты (образец: [1, с.28].);
- допускается наличие таблиц, формул, рисунков. Размещаются в тексте статьи, обязательно наличие подрисуночных подписей и подписей к таблицам (образец: Рис.1. Название; Таб.1 Название);
- иллюстративные материалы (отсканированная цветная и чернобелая графика, диаграммы) должны отображаться в наборах электронных данных в цвете RGB, черно-белых форматах TIFF с градациями серого и разрешением не менее 300 dpi;
- текст статьи должен быть тщательно проверен и отредактирован автором.
- Сведения об авторе статьи должны быть написаны на 3 языках. (казахский, русский, английский): фамилия, имя, отчество, ученая степень, ученое звание, должность, место работы, номера служебного и домашнего телефонов, e-mail.

Контакты: г. Астана, 010000, Бульвар Нуржол, д.12, РГУ «Национальный центр рукописей и редких книг». Тел: (+7172) 769027; 8 705 5460545 E-mail: sirek.kitap@bk.ru, ulydalaturasy@mail.ru;

SCIENCE-POPULAR JOURNAL

Since 2019, the National Center of Manuscripts and Rare Books of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan has been publishing a quarterly scientific journal "ULY DALA MURASY".

Requirements for articles: The editorial board of the scientific journal «ULY DALA MURASY» accepts articles by foreign authors and scientific articles in Kazakh, Russian, and English in each issue. It is allowed to submit no more than one manuscript with the name of the author (or in co-authorship) in the number. Articles are accepted for consideration when all requirements are met, the editorial board reserves the right to select materials for publication. Small corrections (stylistic or formal) are made to the article without the consent of the author, articles requiring serious corrections are returned to the authors for revision.

The author is obliged to submit a cover letter for the publication of a scientific article in the journal. (rarebooks.kz)

Before submitting articles to the editorial office, make sure that you are familiar with the regulations and take into account the full fulfillment of the requirements for the publication of a scientific article. (rarebooks.kz)

Responsibility for the content of articles carries the author (authors).

Formation requirements for the article: The materials in electronic form in MS Word format (any version), Times New Roman, size - 14, line spacing - single, margins - 2 cm, paragraph indent - 1.25 cm.

- total volume should be - not less than 0.5 p. (7-8 computer sheets);
- on the first page at the top, left corner should be UDC index;
- on the next line to the right - the initials and surname of the author, academic degree and position, place of work;
- on the line below in CAPITAL letters - the name of the article;
- the abstract should be submitted (180-200 words); in Kazakh, Russian, English;
- keywords, must specify up to 10 keywords.;
- list of references, prepared in accordance with GOST 7.1-2003; (in the list of references, the source is indicated once, the instructions "In the same place" are not allowed);
- footnotes and references to sources with numbering as far as mentioned are given in square brackets after the quotation (example: [1, p.28].);
- availability of tables, formulas, figures is allowed. Placed in the text of the article, the presence of figure captions and captions to the tables is obligatory (example: Fig.1. Name; Tab.1 Name);
- illustrative materials (scanned color and black and white graphics, charts) should be displayed in electronic data sets in RGB color, black and white TIFF formats with grayscale and a resolution of at least 300 dpi;
- the text of the article should be carefully verified and edited by the author.
- Information about the author of the article should be written in 3 languages. (Kazakh, Russian, English): last name, first name, patronymic, academic degree, academic title, position, place of work, office and home phone numbers, e-mail.

Contacts: Astana, 010000, 12 Nurzhol Boulevard, National Center for Manuscripts and Rare Books. Tel: (+7172) 769027; 8 705 546 0545 E-mail: sirek.kitap@bk.ru, ulydalamurasy@mail.ru;

Жауапты редактор: *Т.Қ.Мағауиянова*
Корректор: *А.Б.Ермишова*
Дизайнер-беттеуші: *С.Ф.Хамлилов*

Формат 297x42999850 офистік басылым. Қағазы офистік.
Шарты б.т. 20,8.

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі 2019 жылғы 13 ақпанда тіркелген, оған № 17514-ж куәлігі берілген.

Шығу жиілігі: үш айда бір рет шығады.

Журнал Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының жариялау-баспа бөлімінде басылды. Журналдың электронды нұсқасын төменде көрсетілген ресми сайттан көре аласыз.

Автордың көзқарасына редакция жауап бермейді.

Мекен-жайы: Астана қ., 010000, Нұржол желек жолы, 12 үй,
«Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» РММ.
Тел: (+7172) 769027; 8 705 5460545
E-mail: ulydalamurasy@mail.ru; sirek.kitap@bk.ru

sirek.kitap@bk.ru



<https://rarebooks.kz/>

@sirekkitap



+7 7172 769027

@sirek_kitap



Қолжазбалар және сирек кітаптар

ҚОЛЖАЗБАЛАР ЖӘНЕ СИРЕК КІТАПТАР ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
ЖАРИЯЛАУ-БАСПА БӨЛІМІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ. 2023 ЖЫЛ